



ЖАҢА СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕС

Исламабад сапарының
мәні неде?

2

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады

№13 (6691) 6 ақпан, жұма, 2026 жыл.

www.aqshamnews.kz




12+

ӘКІМ

ҚАЛАНЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ

Мегаполистің негізгі даңғылдары облыспен жалғасады



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Шаһар басшысы Дархан Сатыбалды жол инфрақұрылымын дамыту жөнінде кеңес өткізді. Жиында радиалды көшелерді Үлкен Алматы айналма автожолына дейін ұзарту жобалары қаралды.

Қазіргі уақытта Абай және Рысқұлов даңғылдарын, сондай-ақ Саин, Солтүстік айналма және Тілендиев көшелерін қала шекарасына дейін ұзарту жұмыстары қолға алынған. Ақын Сара көшесін ұзарту толық аяқталды. Қала мен агломерация арасындағы көлік байланысын қамтамасыз ету үшін негізгі даңғылдарды Үлкен Алматы айналма автожолына дейін ұзарту қажет.

Осы бағытта Алматы облысы әкімдігінің басқарма басшыларымен бірлесіп, жер телімдерін сатып алу және көлік инфрақұрылымын дамытуға қатысты жобалық құжаттаманы қайта қарау мәселесі талқыланды. Кейін бұл жобалар қала қарамағына беріледі. Алматының көлік жүйесін дамыту жұмыстары есепке, кәсіби сараптамаға және ведомствоаралық өзара іс-қимылға негізделі отырып, кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді.

АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ

ҚЫСҚЫ АЗИАДА-2029 АЛМАТЫДА ӨТЕДІ

Биыл ақ Олимпиада ұйымдас-тырылатын негізгі алаңға айналған Италияның Милан қаласында тиісті келісімге қол қойылды. Құжатқа ҚР Ұлттық Олимпиада комитетінің президенті Геннадий Головкин мен Азия Олимпиадалық кеңесінің атынан ұйым президенті Шейх Джоан бин Хамад Әл Тани қол қойды.

Алғашында құрлық додасын Сауд Арабиясында өтуі керек болған. Қысқы ойындарын өткізу құқығы араб мемлекетіне 2022 жылы берілген. Алайда, Сауд Арабиясының олимпиадалық комитеті мен Азия Олимпиадалық кеңесі бірлескен мәлімдеме жасап, жарыстың мерзімі белгісіз уақытқа шегерілгені хабарланған болатын.

Еске салайық, 2011 жылы Астанамен бірге Алматы қаласы қысқы Азия ойындарын қабылдаған еді. Алматыда хоккей, тау шаңғысы, шаңғымен секіру және биатлон сияқты жарыстар ұйымдастырылды. Қазақстан құрамасы бұл ойындарда 70 медаль – 32 алтын, 21 күміс, 17 қола жеңіп алып, жалпыкомандалық бірінші орынға ие болды.

Досбол ОРЫНБЕКҰЛЫ.



Сурет: ЖИ.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz





САРАПТАМА



(Дереккөз: akorda.kz).

ЖАҢА СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕС

Исламабад сапарының мәні неде?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 3-4 ақпан күндері Пәкістан Ислам Республикасына мемлекеттік сапармен барды. Сапар аясында Пәкістанның Премьер-министрі Шахбаз Шарифпен және елдің Президенті Асиф Али Зардаримен келіссөздер жүргізді. Онда саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайту перспективасын талқылады. Сонымен қатар, Қазақстан–Пәкістан бизнес форумына қатысты.

Алғашқы мемлекеттік сапар

Мемлекет басшысының Пәкістанға жасаған мемлекеттік сапарының мәні айрықша. Себебі, Қасым-Жомарт Тоқаев Президент болғалы бері осы елге алғаш рет мемлекеттік сапармен барды. Бұған дейін сыртқы саяси ведомстволар, Үкімет және көпжақты халықаралық ұйымдар аясында байланыс жүргізілді. Алғашқы мемлекеттік сапардың өзі екі жаққа да тиімді болды. Өзара байланыс стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілді. 4 ақпанда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт

Тоқаев пен Пәкістан Ислам Республикасының Премьер-министрі Шахбаз Шариф екі ел арасында стратегиялық серіктестік орнату туралы бірлескен декларацияға қол қойды.

Қазақстан мен Пәкістан арасындағы байланыстың тарихы тереңде жатыр. Халықтарымыз Жібек жолы арқылы және кең таралған ислам өркениеті аясында ұзақ жылдар бойы қарым-қатынаста болды.

Пәкістан 1991 жылы Қазақстанның тәуелсіздігін алғаш мойындаған мемлекеттердің бірі. Қазақстан Республикасы мен Пәкістан Ислам Республикасы ара-

Геоэкономикалық мүдде

Қазақстан мен Пәкістанды геоэкономикалық мүдде біріктіреді. Астананың Пәкістанға жасалған мемлекеттік сапарға мән беруінің себебі осында жатыр. Қазақстан географиялық тұрғыда Еуразияның ортасында орналасқан ел. Теңізге шығу жолы жоқ. Сондықтан Астана құрлықтық көлік-логистиканы дамытуға аса мән беруде. Өйткені, Шығыс пен Батысты, Солтүстік пен Оңтүстікті байланыстыратын маңызды көлік-логистика хабына айналуға мол мүмкіндік бар. Барлық бағытта да нарық үлкен. Демек, сауданың көлемі жоғары болады.

Пәкістан еліміздің Оңтүстік бағыттағы көлік дәлізін қалыптастыру үшін маңызды ел болып саналады. Бұл туралы Президент келіссөздер барысында өз сөздерінде атап өтті. Келіссөздерде Қасым-Жомарт Тоқаев Пәкістанның

Карачи және Гвадар порттарының әлеуетін, Транскаспий көлік дәлізін дамытуды, Ауғанстан арқылы өтетін транзиттік бағытты ілгерілету мәселелерін талқылаған. Сондай-ақ, Қазақстан – Түрікменстан – Ауғанстан – Пәкістан бағытындағы темір жол бағытын іске асыру перспективасына да мән берілген. Аталған мәселелердің ішінде Карачи және Гвадар порттары Қазақстан мен Орталық Азия үшін өте маңызды стратегиялық нысан болып саналады. Осы теңіз порттары арқылы аймақ елдер мұхитқа шыға алады. Сондықтан Астананың оларға мән беруі геоэкономикалық мүддемізге сай келеді.

40-қа жуық құжатқа қол қойылды

Президенттің Пәкістанға мемлекеттік сапары аясында 40-қа жуық құжатқа қол қойылды. Олардың ішінде 30-дан астам құжат коммерциялық сипатқа ие. Қазақстан–Пәкістан бизнес форумының қорытындысы бойынша қол жеткізілген бұл уағдаластықтардың құны 200 миллион долларға бағаланған. Келісімдерде екі елдің қаржы, логистика, өнеркәсіп, энергетика, агроөнеркәсіп кешені, цифрландыру және инфрақұрылым салаларындағы ынтымақтастығын кеңейту көзделген.

Президенттің сөзінше, алдағы уақытта екіжақты тауар айналымын 1 млрд. АҚШ долларына жеткізу мақсаты қойылған. Былтыр екіжақты сауда көрсеткіштері алдыңғы жылмен салыстырғанда екі есе артқан.

Бұдан бөлек, жоғарыда атап өткен стратегиялық серіктестік орнату туралы декларация, тау-кен өнеркәсібі, БҰҰ аясындағы бітімгерлік миссиялары, экстрадициялау, ЖИ және цифрландыру, денсаулық сақтау, білім және ғылым, ақпарат, мәдени-гуманитарлық салалар бойынша әріптестікті дамытуды көздейтін құжаттарға қол қойылды.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

ҰЛТТЫҚ ЖОБА

БОЛАШАҚТЫҢ ІРГЕТАСЫ

Бала – біздің болашақ, елдің ертеңі. Ұрпақтың да, мемлекеттің де келешегі кемел болуы үшін оның іргетасы қазірден қаланады. Сондықтан балалардың ертеңі үшін мүмкіндіктер Алматыда да бүгіннен қарастырылған.

Нұржамал
ӘЛІШ

«Ұлттық қор – балаларға»

Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап іске қосылған «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында қазақстандық балалардың жинағы қазір бір ізге түсіп, қалыптасып жатыр.

Бағдарламаға сәйкес, жыл сайын Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің 50%-ы Қазақстан азаматтығындағы барлық бала арасында теңдей бөлінеді. Бұл қаражат балалардың БЖЗҚ-дағы шоттарына нысаналы талап ретінде есептеліп, инвестицияланады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша бағдарламаға қатысушы 6 918 656 балаға әрқайсысына 130,71 АҚШ доллары көлемінде қаржы аударылған. **Нәтижесінде:**

- үшінші жыл қатысып жатқан балалардың жинағы – 370,56 доллар;
- екінші жыл қатысқандардікі – 263,93 доллар;
- бірінші жыл қатысқандардікі 130,71 доллар болды.

Бағдарлама басталғалы бері Ұлттық қордан балаларға есептелген қаражаттың жалпы көлемі шамамен 2,5 млрд. АҚШ долларын құрады.

Биыл 356 613 қазақстандық 18 жасқа толып, жинақталған қаражатын тұрғын үй жағдайын жақсартуға, білім алуға немесе зейнетақы жинағы ретінде сақтауға құқылы болады.

Баланың бағдарламаға қатысуы туралы ақпаратты ата-аналар kids.enpf.kz сайты мен eGov mobile қосымшасы арқылы тексере алады.

5-тегі балдырғанда капитал бар

Мемлекет саясатындағы тағы бір маңызды бағыт – балалардың білім алуына арналған жинақтар. Былтыр елімізде «Келешек» мемлекеттік жинақтау жүйесі іске қосылған болатын. Бағдарлама аясында 5 жасқа толған 7340 бала бастапқы білім беру капиталын алды: «Отбасы банкіндегі» «AQYL» депозиттеріне 1,7 млрд. теңге аударылды. 2026 жылы 5 жасқа толатын балаларға мемлекет 60 АЕК немесе 259 500 теңге аударарды. Ал жетім балалар мен ата-анасыз қалған балалар үшін бұл сома 120 АЕК немесе 519 000 теңгені құрайды.

«Келешек» бағдарламасы балаларға болашаққа нақты старт береді. «AQYL» депозитіндегі барлық қаражат – ата-аналардың жарналары, мемлекеттің бастапқы капиталы, банктің сыйақысы және мемлекеттік премия – жинақталып, көбейеді. 18 жасқа келгенде баланың қолында Қазақстанда немесе ше-



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

телде білім алуға бағыттауға болатын қомақты сома қалыптасады», – дейді «Отбасы банкінің» Алматы қалалық бөлімшесі директорының орынбасары Кәмшат Оңалбаева.

Биыл «AQYL» депозиті бойынша ең төменгі жылдық жарна 24 АЕК немесе 103 800 теңгені, әлеуметтік осал санаттарға 12 АЕК немесе 51 900 теңгені құрайды. Жетім балаларға міндетті жылдық жарна қарастырылмаған. Депозитке банктің жылдық 14,9% сыйақысы (ЖЭСМ 16%-дан) ай сайын капитализациямен есептеледі, сондай-ақ жыл сайын мемлекеттік премия төленеді: барлығына 5%, ал жекелеген жеңілдетілген санаттарға 7%.

Қазір Алматыда «AQYL» білім беру депозитінің 14 639 шоты ашылған.

БАСТАМА

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН
БАСҚАРМА

Алматы мәслихатының депутаттары Балалардың құқығын қорғау басқармасын құру бастамасын қолдады.

Мәслихаттың кезектен тыс ХLI сессиясында депутаттар «Алматы қаласын басқару схемасын бекіту туралы» шешімге толықтырулар енгізу мәселесін қарады. Мәселені талқылау аясында депутаттар жаңа құрылымдық бөлімше – Балалардың құқығын қорғау басқармасын құруды мақұлдады.

Аталған шешім Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі басшысының тапсырмасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына енгізілген өзгерістерге байланысты қабылданып отыр. Бұл өзгерістер жергілікті деңгейде балалардың құқығын қорғау жөніндегі арнаулы орган құруға бағытталған.

Сессияда сөз сөйлеген Алматы қаласы мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев балалардың құқығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі бүгінде бүкіл ел бойынша ерекше маңызға ие екенін айтты. Оның сөзінше, жеке басқарманың құрылуы профилактика жұмыстарын күшейтуге, жедел әрекет ету тетіктерін жетілдіруге және ведомствоаралық үйлестіруді тиімді жолға қоюға мүмкіндік береді. Бұл халық саны көп әрі әлеуметтік инфрақұрылымы дамыған мегаполис үшін аса маңызды.

Әзірлеген
Досбол АТАЖАН



КЕЗДЕСУ

ДИАЛОГ АЛАҢЫ

Достық үйінде ғалымдар мен сарапшылар бас қосты



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматы қаласындағы Достық үйінде ғылыми қауымдастық өкілдерімен маңызды кездесу өтті. Іс-шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетіне қарасты Философия, саясаттану және дінтану институтының саясаттанушылары мен әлеуметтанушылары, сондай-ақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ғалымдары қатысты.

Дана
САДЫРҚАН

Кездесудің негізгі мақсаты – қоғамдағы өзекті қоғамдық-саяси және әлеуметтік үдерістерді ғылыми тұрғыда талқылап, сарапшылар арасында кәсіби пікір алмасу. Жиын барысында Конституциялық реформалардың маңызы, қазіргі қоғамдық даму бағыттары, мем-

лекеттік тілдің жай-күйі, экология мәселесі, жол-көлік оқиғаларының алдын алу және ғылыми сараптаманың шешім қабылдаудағы рөлі кеңінен талданды.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов өз сөзінде әлеуметтік құрылымды жетілдірудің маңыздылығына тоқталды. Ол сөзінде 2030 жылға дейін Алматыда 69 мектеп салынатынын, 100 мыңнан астам оқушы орны құрылатынын да атап өтті:

– Қазіргі реформалар бір күнде пайда болған жоқ, олар қоғам сұранысынан туындап отыр. Мемлекеттік тіл – ел тұтастығының негізі. Әрбір азамат мемлекеттік тілге қалай қараса, отбасына да дәл солай қарауы керек. Балабақша мен мектептен бастап әрбір қазақ баласы қазақ тілін жетік меңгеріп шығуы тиіс. Тілдік-демографиялық құрылымды жақсарту – ортақ міндет. Қала Қазақстан экономикасына 20%-дан астам үлес қосады. Республикалық табыстың шамамен 30%-ы – Алматыға тиесілі. Сонымен қатар, жеке мүддені мемлекет мүддесінен жоғары қоймау аса маңызды. Қала тұрғындарын жеке көліктен қоғамдық көлікке көшіру мәселесіне де ерекше назар аудару қажет, – деді ол.

САРАПШЫ СӨЗІ

Биылғы 31 қаңтарда елімізде жаңа Конституцияның жобасы таныстырылып, ол бірден күн тәртібіндегі негізгі қоғамдық-саяси тақырыптардың біріне айналған болатын. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында аталған жоба бойынша сараптамалық талқылау өтті. Онда құжаттағы негізгі өзгеріс пен олардың мемлекеттің дамуы мен азаматтардың құқығын қорғаудағы маңызы сөз болды.



Марат ШИБУТОВ,
саясаттанушы, жаңа Конституция жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының мүшесі:

– 1995 жылғы Конституцияға биыл 30 жыл толады, осы уақыт ішінде оны шамамен жеті рет өзгертті, оның ішінде төрт рет үлкен түзету енгізілді. Негізінен олар Президент пен Парламентке қатысты еді, ал «Жалпы ережелер» мен «Адам және оның құқығы» бөлімі іс жүзінде өзгеріссіз қалды. Бұл жолы біз құндылықтар мен басымдықтарға саналы түрде назар аударып, оларды қазіргі заманға сәйкестендірдік.

Иә, сол жылғы Конституция 1994 жылғы саяси дағдарысқа жауап ретінде қабылданып, жас мемлекетке арнап әзірленді. Ал 2026 жылғы Конституция – бұл қалыптасқан іргелі елдің құжаты. Ол болашаққа бағытталған, мемлекет пен қоғамның дамуы қандай болатынын, неге ұмылатынымызды және қандай бағытты таңдайтынымызды көрсетеді.

Жобаға қатысты әлеуметтік желіде тараған пікірлердің біразы сенімсіз ақпаратқа негізделіп жазылғанын байқадым. Конституцияда не жазылғанын өзіміз білмей отырғанда, жобаның өзі әлі қолымызға тимеген кезде неше түрлі нәрсені ойдан шығарып жатқандарды көріп күлкім келді. Ешкім көзбен көріп, қолмен ұстамаған мәтін туралы бәрі білгішсініп жатты. Мұндай өтірік ақпаратты өз аразымызда да, шетелде отырып таратқандар да көп болды.

Ең алғашқы әрі ең кең тараған фейк – шетелдіктерге жер сатуға рұқсат беріледі деген әңгіме болды. Бірақ жер мен табиғи ресурстар туралы бап өзгерген жоқ, шетелдіктерге жер сатуға бұрын қалай тыйым салынса, солай қалды. Мұндай ақпараттың қайдан шыққанын білмейміз.

Жаңа Конституция жобасы:

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДІҢ СЫН-ҚАТЕРІНЕ ЖАУАП БЕРЕДІ



Айгүл СӘДУАҚАСОВА,
Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры, жаңа Конституция жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының мүшесі:

– Жарияланған Конституция жобасы, ең алдымен, біздің құндылықтар жүйемізді айқындайды. Преамбулада Қазақстан халқының біртұтас түсінігі мен өзімізді мыңжылдық Ұлы даланың ұрпағы ретінде тануымыз нақты көрсетілген. Конституция тек негізгі заң ғана емес, сонымен қатар болашақ дамудың бағдаршамы.

Қазір біз мына өмірден бөлек әлемде, цифрлық ортада дәуір сүріп отырмыз. Ол жерде де сол құндылықтар сақталып, адамның жеке кеңістігі мен деректерін қорғау құқығы құрметтелуі керек. Жобада зияткерлік меншік құқығын қорғау кепілдіктері кеңейтіліп, цифрлық ортаны реттеудің жаңа тетіктері, соның ішінде дербес деректерді қорғау мен цифрлық құқықбұзушылықтарға қарсы іс-қимыл нормалары енгізіледі. Бұл алаяқтық пен жеке ақпаратты заңсыз пайдалану жағдайлары жиі кездесетін цифрлық кеңістікте азаматтардың құқығын қорғау жолындағы маңызды қадам. Конституциялық нормалар жаңа ережелер мен тәртіпті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, жоба билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік пен үкіметтің қоғам алдындағы есептілігін күшейтеді. «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» моделі одан әрі дамытылады. Бақылау мен жауапкершілік тетігі күшейіп, бұл басқарудың ашық әрі теңгерімді болуына ықпал етеді.

Жаңа Конституция жобасын талқылау жалғасып жатыр. Сарапшылардың пікірінше, азаматтардың бұл процеске қатысуы елдің болашақ дамуына бағытталған негізгі заңды қалыптастырудың маңызды бөлігіне айналып отыр.



Алуа ИБРАЕВА,
профессор, Реформа жөніндегі парламенттік жұмыс комиссиясының мүшесі:

– Талқыланып отырған құжат жекелеген түзетулер жиынтығы емес, мемлекеттің құқықтық негізін кешенді түрде трансформациялау болды. Сондықтан ол қоғамдық талқылауға жаңа Конституция ретінде ұсынылды. Жобада табиғатқа, жерге, су ресурстары мен атмосфераға ұқыпты қарау қажеттілігі ерекше атап көрсетілген. Бұл жәй декларация емес, стратегиялық бағдар ретінде ұсынылып отыр.

Сондай-ақ, құжатта бірлік идеясына ерекше мән берілген. Мәтінде «Қазақстанның біртұтас халқы» ұғымы азаматтардың жәй ғана жиынтығы емес, ортақ құндылықтар мен ел болашағы үшін ортақ жауапкершілікке біріктірілген ұйысқан қоғам ретінде сипатталады.

Өзгерістердің тағы бір қағидаттық блогы адам құқықтарын қорғау кепілдіктеріне қатысты. Конституция жобасында бұрын сот ісін жүргізу қағидаттарына жатқызылған бірқатар ережелер енді тікелей адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары бөліміне енгізілген.

Бұл қағидаттарды құқықтар мен бостандықтар бөліміне көшіру олардың конституциялық мәртебесін күшейтіп, тұлғаны қорғаудың басымдығын айқындайды.

Дайындаған Нұржамал ӘЛІШ



ЖҰМЫС САПАРЫ

САПА МЕН МЕРЗІМ

қала басшысының басты назарында

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Түрксіб ауданындағы бірқатар нысанды аралады. Жұмыс сапары аясында инженерлік желілер құрылысының барысымен, аудандағы әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы және көріктендіру жобаларымен танысты.

Дана
САДЫРҚАН

Қала әкімі Ақан сері – Шолохов – Сейфуллин көшелері аумағындағы су құбыры мен кәріз желілерінің құрылыс қарқынын тексерді. Жоба аясында 18,8 шақырым су құбыры және 27,9 шақырым кәріз желісі тартылып, 4 мыңнан астам тұрғын қамтылады. Бүгінде нысан 60% дайын. Жұмыс биыл қыркүйекте толық аяқталмақ.

Дархан Сатыбалды аудан әкімі мен мердігер ұйымға орындалып жатқан жұмыстардың сапасын қатаң бақылауда ұстауды, құрылыс кезеңінде тұрғындарға қолайлы жағдай жасауды, сондай-ақ жоба мерзімінде аяқталып,

асфальт жабынын қалпына келтіру жұмыстарын дер кезінде жүргізуді тапсырды.

Одан кейін қала басшысы «Жас қанат» шағынауданындағы Даму және шығармашылық орталығының құрылыс алаңына барды. Аумағы 14 мың шаршы метрлік 1350 балаға арналған ғимаратта бассейн, зертханалық бөлмелер, планетарий және робототехникадан бейнелеу өнеріне дейінгі бағыттар бойынша 42 оқу кабинеті болады. Нысан білім алуға, шығармашылыққа және бос уақытты тиімді өткізуге арналған ашық әрі көпфункционалды кеңістік құруға бағытталған. Құрылыс жұмыстарын 2027 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.



Алматы қаласының әкімі шағынауданды көріктендіру жайына да ерекше назар аударды. Ол қоғамдық кеңістіктерді реттеумен қатар магистральдық

көшелер бойындағы ғимараттардың қасбетін жаңарту, жарық бағаналарын ретке келтіру және көгалдандыру жұмыстарын күшейту қажеттігін атап өтті.

КЕЗДЕСУ

ИНТЕРАКТИВТІ
АШЫҚ АЛАҢБолашақ заңгерлер сайлау
жүйесімен танысты

Д.Қонаев университетінде Дүниежүзілік сайлау күніне орай мазмұнды кездесу өтті. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров болашақ заңгерлермен жүздесіп, сайлау жүйесінің маңызы мен мәніне қатысты ой бөлісті.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Кездесу ашық әрі интерактивті сұрақ-жауап форматында өтті. Диалог барысында Қазақстанның сайлау жүйесін дамытуға қатысты негізгі мәселелер талқыланды. Жиынға 400-ге жуық жас сайлаушы мен жастар ұйымдарының көшбасшылары қатысты.

Нұрлан Әбдіров сайлау жүйесінің құрылымы, Орталық сайлау комиссиясы жанынан жұмыс істейтін диалог алаңдары, халықаралық ынтымақтастық бағыттары, Комиссия дайындайтын басылымдар, сондай-ақ жастар арасында электоралдық мәдениетті қалыптастыру мәселелері туралы баяндады.

Кездесу интерактивті сұрақ-жауап сессиясымен жалғасты. Студенттер талқылауға белсенді қатысып, өзекті әрі мазмұнды сұрақтар қойды.

Сонымен қатар, халықаралық тәжірибені ескере отырып, электронды дауыс беру жүйелерінің сенімділігі мен ашықтығы мәселесі талқыланды. Сондай-ақ, сайлауға қатыспағаны үшін жауапкершілікке қатысты шетелдік тәжірибені қолдану мүмкіндігі жөнінде ұсыныстар айтылды.

«Орталық сайлау комиссиясының жұмысымен тереңірек таныстық. Кездесу біз үшін өте пайдалы болды, көкейіміздегі сұрақтарға нақты жауаптар алдық. Бүгінде сайлаушылардың рөлі айрықша маңызды. Әр азаматтың алдында таңдау тұрады, егер әркім өзі лайықты деп таныған кандидатқа дауыс берсе, бұл сайлаудың әділ өткенінің көрінісі деп ойлаймын», – деді Д.Қонаев университетінің 3-курс студенті Аманжол Азаматұлы.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ӘДЕП АЙНАСЫ

Мемлекеттік қызмет мінберінде адамгершілік мәселесі қозғалды

Қала әкімдігінің ғимаратында жергілікті атқарушы орган қызметкерлерімен Қақпараттық-ағартушылық бағыттағы жұмыс кездесуі өтті.

Досбол
АТАЖАН

Жиынға Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Еркеболат Нұржігітов төрағалық етті. Іс-шара модераторы Алматы қаласы әкімінің кеңесшісі, әкім аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі Мамай Ахетов болды. Ал ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Алматы қаласы бойынша өкілі Қазбек Малдыбаев және Алматы қаласы Ардагерлер кеңесінің мүшесі Бахтияр Камалов спикер болды. Кездесуге Алматы қаласы әкімі аппаратының қызметкерлері мен Алматы қаласы әкімдігінің 16 басқармасының өкілі қатысты.

Іс-шара барысында Еркеболат Нұржігітов Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің мақсаты мен міндеттеріне тоқталды. Оның айтуынша, агенттіктің басты мақсаттарының бірі – кәсіби, әділ, ашық және адамға бағытталған мемлекеттік аппаратты қалыптастыру.

– Агенттік жазалау органы емес, ол жүйені реттейтін, дамытатын орган. Қазіргі таңда мемлекеттік қызметке іріктеу жүйесі айтарлықтай жеңілдетілген. Бұрын 9-10 заңға дейін тест тапсырса, қазір 4 негізгі заңды білуі тиіс. Олар: Ата

заңымыз – Конституция, «Мемлекеттік қызмет туралы» заң, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» заң және Әдеп кодексі. Одан кейін қызметкерді бағалау тек дипломға қарап емес, жан-жақты жүргізіледі: IQ – білім деңгейі, EQ – мінез-құлқы мен адамдармен жұмыс істей білуі, SQ – ниеті, құндылықтарды, адалдығы ескеріледі. Өйткені, мемлекеттік қызметке тек кәсіби маман ғана емес, адамгершілігі жоғары, жауапты адам керек, – деді ол.

Еркеболат Нұржігітов мемлекеттік қызмет – бұл жәй ғана жұмыс орны емес, үлкен жауапкершілік пен халық сенімі жүктелген қызмет екенін атап өтті. Оның сөзінше, мемлекеттік қызмет сенімге негізделген. Ал сенім өздігінен қалыптаспайды, ұзақ еңбектің нәтижесінде жиналады.

– Бірақ сол сенімді кейде бір орынсыз айтылған сөз немесе әдепсіз әрекет жоққа шығарады. Сондықтан әрбір әрекетімізге, әрбір сөзімізге, шешімімізге мұқият болуымыз керек. Адал азаматтық құндылықтар және заң мен тәртіп талаптары – бұл әрқайсымыздың күнделікті өмірлік ұстанымымыз болуы тиіс. Өйткені, халық мемлекетті сіз бен біз арқылы көреді. Біздің қарым-қатынасымыз, мәдениетіміз, әділдігіміз – мемлекеттің бет-бейнесі, – деді департамент басшысы.

Ал мемлекеттік қызмет ардагері, Алматы қаласы Ардагерлер кеңесінің мүшесі Бахтияр Камалов қоғамдық мәдениет – азаматтардың күнделікті мінез-құлқына, заңға, мемлекеттік институттарға және қоғамның негізгі тірегі саналатын отбасы институтына деген көзқарасынан көрініс табатынын айтты.

– Біз мәдениетті көбіне өнер саласы ретінде қабылдауға үйренгенбіз, алай да мемлекеттік қызметшілер үшін мәдениет – ең алдымен қызмет ету этикасы. Қоғам мәдениеті мұражайлардан емес, адамның өз отбасына, өз міндеттеріне және өз тарихына деген көзқарасынан басталады. Мемлекет басшысы атап өткендей, дәстүр мен мәдениет – ұлттық генетиканың коды. Қоғамдық мәдениет – мемлекеттің бірлігінің берік іргетасы, – деді ол.

Келесі кезекте сөз алған Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Алматы қаласы бойынша өкілі Қазбек Малдыбаев мемлекеттік қызметтің этика тұрғысынан талаптарына назар аударды. Ол этика, адалдық және адам құқықтарын сақтау – бұл ұлттық деңгейде де, халықаралық деңгейдегі мемлекеттік қызметтің міндетті стандарттары екенін атап өтті.

– Мемлекеттік қызмет этикасы – бұл әркімнің жеке жауапкершілігі. Халықаралық стандарттар, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының мемлекеттік лауазымды тұлғаларының халықаралық мінез-құлық кодексі мемлекеттік қызметшінің тек қоғам мүддесі үшін әрекет ететінін баса айтады. Бұл шешім қабылдау кезіндегі адалдық пен бейтараптықты, жеке қарым-қатынастарға қараған да заңның басымдығын білдіреді. Біздің әрбір іс-әрекетіміз мемлекетке деген сенімді қалыптастыратынын түсіну маңызды, – деді өкіл.



Алматы елдің ең ірі мегаполисі ретінде экономиканың басты драйвері болып келеді. Қаладағы нақты сектордың дамуы айрықша көзге түседі. Бұл саланың дамуы тұрғын үй құрылысына ерекше ықпал етіп, жаңа кешендер мен тұрғын үйлердің салынуына себепші болып отыр.

Дана
САДЫРҚАН

Бірегей жобалар

Алматыдағы жаңа тұрғын үйлер – тұрғындар үшін жайлы әрі заманауи жағдай сыйлайтын орындар ғана емес, қаланың келбетін өзгертіп, жаңа сәулет шеберлігін көрсететін бірегей жобалар. Қазіргі уақытта мегаполисте бірқатар жаңа тұрғын үй кешені бой көтеріп жатыр. Бұл жобалар қаланың түрлі ауданындағы көрікті жерлерде және жаңа шағынаудандарда іске асуда. Құрылыстар заманауи қала құрылысы талаптарына сай жүргізілуде. Тұрғын үй кешендерінің жобаларында жаяу жүргіншілерге арналған аймақтар, көгалдандырылған аумақтар, балалар және спорт алаңдары қарастырылған. Сонымен қатар, жерасты автотұрақтары, коммерциялық және әлеуметтік бағыттағы нысандарды орналастыру көзделген. Айта кету керек, ғимараттардың басым көпшілігі көлік қатынасы мен әлеуметтік инфрақұрылымы дамыған аумақтарға жақын орналасқан. Әрі нысандар сейсмикалық қауіпсіздік талаптары ескеріліп жобалануда және кезең-кезеңімен пайдалануға берілмек.

Құрылыс нарығындағы негізгі трендтер

Алматыда тұрғын үй құрылысын дамыту қазіргі кезде қала дамуының маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Әр жаңа құрылыс қала тынысын ашатын, тұрғындардың тұрмыс сапасын айқындайтын нысан саналады. Урбанизация үдерісі тұрғын үйге деген сұранысты арттырып қана қойған жоқ, инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету талабы да алдыңғы қатарға шығарды.

Бүгінде алып шаһарда салынатын жаңа тұрғын үйлер заманауи сәулетімен ғана емес, функционалдық жоспарымен және өмір сүруге қолайлы ішкі инфрақұрылымымен ерекшеленеді. Көпқабатты тұрғын үй кешендерінде жылумен, сумен, электр энергиясымен үздіксіз қамту, кәріз жүйесінің сапасы, лифт пен желдету жүйелерінің қауіпсіздігі басты назарда. Бұл инженерлік желілер тұрғындардың күн-

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ – қаланың жаңа тынысы



делікті тұрмысына тікелей әсер ететін маңызды факторлар екені белгілі.

2025 жылдың бірінші жартысы Қазақстандағы тұрғын үй құрылысы саласы үшін айрықша кезең болды. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес, елімізде шамамен 8 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 6,6%-ға жоғары. Мұндай өсім тек тұрғын үй құрылысының қарқынын емес, сонымен қатар инженерлік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған инвестициялардың да артқанын аңғартады.

Алматының Медеу, Бостандық, Түркісіб және Алмалы аудандарында тұрғын үй құрылысы ең жоғары қарқынға ие. Бұл аумақтарда әлеуметтік нысандармен қатар, инженерлік инфрақұрылым желілерін жаңарту және кеңейту жұмыстары қатар атқарылуда. Ал Жетісу мен Наурызбай аудандарында жаңа тұрғын үй кешендерінің қарқынды түрде салынуы байқалады. Аудандарда тұрғын үй бағасының салыстырмалы түрде қолжетімді болуы халықты көбірек тартуда. Тұрғын үй сапасы сыртқы келбетімен ғана өлшен-

бейді. Оның ұзақ мерзімді пайдалануға жарамдылығы, қауіпсіздігі және тұрғындар үшін қолайлылығы инженерлік инфрақұрылымның деңгейіне тікелей байланысты.

Жаңа дәуірге қадам

Алматы қаласының тұрғын үй қорын жаңартуға бағытталған «Алматы қаласының тұрғын үй қорын жаңартудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасы» – қала дамуының стратегиялық бағыттарының бірі. Бұл бағдарлама азаматтардың тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, ортаны жаңартуға және апатты тұрғын үй қорын азайтуға бағытталған. Негізгі мақсат – 1930–1980 жылдар аралығында салынған ескірген көпқабатты үйлерді, жөндеуді қажет ететін жеке тұрғын үйлерді жаңарту. Ресми деректерге жүгінсек, Алматыда тозығы жеткен тұрғын үйлер Түркісіб ауданында шоғырланған, аймақта қайта жаңартуға жататын 586 нысан орналасқан. Бағдарлама аясында 2030 жылға дейін 128 үйді бұзу жоспарланды.

Бұдан бөлек, өндірістік, коммерция-

лық және өзге де нысандарды модернизациялау қарастырылған. Бұл жұмыстар Алматының 2040 жылға дейінгі Бас жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Бағдарлама әкімшісі ретінде «Алматы қаласының әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ (ӘКК) тағайындалды, ал уәкілетті ұйым – «Алматы қаласы әкімдігінің күрделі құрылыс кәсіпорны» ЖШС. Аталған ұйымдар бағдарламаның жүзеге асуын үйлестіріп, жұмыс кезеңдерінің сапасын қамтамасыз етеді.

2030 жылға қарай бағдарлама аясында 676 тозығы жеткен үйді жаңарту жоспарланды, бұл шамамен 7500 меншік иесіне заманауи, жақсы күтілген пәтерлерге көшуге мүмкіндік береді. Қаланың біршама ескі және қауіпті үй қорын жаңарту осы бағдарлама арқылы жүзеге асырылмақ.

Жаңа жобалар қаланың сәулеттік келбетіне өз үлесін қосып, инфрақұрылымдық дамуын қамтамасыз етеді. Негізінен, бұл қала тұрғындары үшін ғана емес, жалпы еліміз үшін де маңызы зор үрдіс. Тұрғын үй құрылысының қарқынды дамуы Алматының болашақта дамыған әрі жайлы қала болуына ықпал ететіні анық.



Желатин мен коллаген

Мегаполисте жаңа зауыттың құрылысы басталды

Түркиялық инвестициялық-өнеркәсіптік Iskefe Holding тобы тағамдық желатин мен коллаген өндіруге арналған өндірістік кешеннің құрылысын бастады. Бұл туралы Ауыл шаруашылығы министрлігі хабарлады.

Жоба Алматы қаласында Iskefe Holding құрамына кіретін Halavet KZ

Әзірлеген
Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

Жағалау жаңаруда

Әл-Фараби даңғылының солтүстік жағында, Есентай өзені арқылы өтетін велосипедшілер мен жаяу жүргіншілерге арналған көпірдің құрылысы жалғасып жатыр. Ал оңтүстік беттегі жаяу жүргіншілер көпірінің құрылысы аяқталып қалды. Бұл туралы Алматы қаласының жол инфрақұрылымын дамыту басқармасының өкілдері хабарлады.

Алдағы уақытта диаметрі 800 мм болатын магистральдық су құбырын қайта салу және көпір тіректерін орнату мақсатында қазаншұңқыр қазу жұмыстары басталады. Жоба аясында ағаш кесу көзделген, оның ішінде 14 апатты жағдайдағы ағаш бар. Сонымен қатар, 12 жеке ағашы басқа жерге көшіріледі. Іргелес аумақты абаттандыру жұмыстары барысында бұл учаскеде 80 түп ағаш пен 50-ден астам бұта отырғызу жоспарланған. Бұдан бөлек, биыл көктемде бұрын кесілген ағаштардың орнына қосымша 580 ағаш егу көзделіп отыр.

Айта кетейік, көпірдің автожол бөлігі 2023 жылы қайта жаңғыртылған. Ал



бастапқы жобада вело-жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын салу үшін 135 ағашты кесу қарастырылған болатын. Бұл шешім қала тұрғындарының наразылығын тудырған соң, әкімдік жобаны қайта қарап, көпірлердің автожол бөлігіне жақындату және инженерлік желілерді көшіру туралы шешім қабылдады.

Нәтижесінде оңтүстік жақта тек 26 ағашты кесу жоспарланып отыр. «Біз әрбір ағаштың, әсіресе, қайта отырғызылатын ағаштардың жағдайын тұрақты бақылауда ұстаймыз. Жобаны биыл тамыз айында аяқтау жоспарланған. Ал абаттандыруға қатысты қандай да бір ескерту болса, мердігер компания олардың барлығын міндетті түрде түзетеді», – деді қоғам белсендісі, «Жа-сыл комиссия» мүшесі Омар Нұрхайдаров.

Әзірлеген Дана БОЛАТҚЫЗЫ.



МУҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ – 95

«ЖЫРЛАЙДЫ ЖҮРЕК»

Алматының рухани жүрегі саналатын Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейінде қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, ақын Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына арналған «Жырлайды жүрек» атты әдеби-сазды кеш пен жылжымалы көрме ұйымдастырылды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Нұржамал ӘЛІШ

Аталған мәдени іс-шара Алматы облысының музейлер бірлестігіне қарасты Мұқағали Мақатаевтың әдеби-мемориалдық музейі мен мегаполистегі Жүсіпбек Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжімен бірлесіп өткізілді. Әдеби-сазды кеш барысында ақынның келіні, әдебиет зерттеушісі Бақытгүл Айдарова, журналист Дүйсен Мағлұмов, ақын Бақыт Беделхан және Қазақ радиосы Алматы студиясының жетекшісі Бақыт Жағыпарұлы сөз сөйлеп, Мұқағали Мақатаевтың шығармашылық жолы, азаматтық болмысы және поэзиясының көркемдік ерекшеліктері жөнінде ой бөлісті.

Кеш аясында ақынның таңдаулы өлеңдері оқылып, Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған әндер мен әдеби-сазды композициялар ұсынылды.

Сонымен қатар, іс-шара барысында Бақытгүл Айдарова Мұқағали Мақатаевтың қаламының ізі сайрап жатқан күнделігін, қолының табы қалған тұрмыстық бұйымдарын және ақын өлеңдерінің түрлі тілге аударылған жинақтарын Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейінің қорына салтанатты түрде табыс етті.

Іс-шара аясында көрермендерге іргеміздері Алматы облысының Қарасаз ауылында орналасқан Мұқағали Мақатаевтың әдеби-мемориалдық музейі қорынан әзірленген арнайы жылжымалы көрме ұсынылды. Көрмеде ақынның жеке заттары, өмір жолы мен шығармашылығын танытатын фотосуреттер, қолжазбалар мен кітаптар қойылды.

ҚОЛӨНЕР



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Анел «костюм сценографиясы» мамандығын Т.Жургенов атындағы өнер академиясында оқыған. Бұл – театр, кино, опера, балет секілді сахналық өнердің барлық бағытын қамтитын кешенді мамандық. Күнделікті ортағасырлық стильдегі костюмдермен жұмыс істеу оның жеке бағытының қалыптасуына әсер еткен. Оның айтуынша, Костюм сценографиясы елімізде кейінгі жылдары қарқынды дамып келе жатыр. 2018 жылдан бері «Қазақфильмде» бірқатар тарихи жобаларға қатысып келеді.

Сапа мен эстетика

«Кино саласында ассистент те, қолданбалы суретші де, костюмер де болдым. Тарихи формалармен жұмыс істеген сайын қызығушылық одан әрі артты. Кейін түсірілім алаңында актрисалар «осы белдікті күнделікті өмірде де таққым келеді, жасап бере аласыз ба?» деген өтініш айтты. Сол кезде маған неге бізде тарихи пішінді сақтап, заманауи үлгіде сапалы бұйымдар жасамасқа деген ой туды. Қазақстанда бұл

Тарихи фильмдердің сахнасынан есті көрермен этнографиялық нақтылықты іздейді, күтеді. Ат әбзелдерінен тартып, тұрмыстық бұйымдары, кейіпкерлердің киімдері кино тілімен сөйлеп, адамдарды сол киноға арқау болған байырғы замандарға алып барады. Бүгінгі кейіпкеріміздің өнері, міне, осы бағытта. Алматылық этно-дизайнер Анел Асанованың қолынан шыққан туындыларды сіз «Қазақ хандығы: Алтын тақ», «Ұлы дала таңы», «Ахмет. Ұлт ұстазы» сынды тарихи туындылардан көргеніңіз шүбәсіз. Ұлттық киім мәдениетін, қолөнерін жаңғыртып жүрген дизайнердің өнері мен өміріне бірге үйіліп көрелік.

ТАРИХТЫ ТІРІЛТКЕН ЭТНО-ДИЗАЙНЕР

Шеберханада шертілген сыр

бағыт әлі толық дамымағанын байқадым», – дейді дизайнер.

Осылайша ұлттық нақыштағы белдіктерден бастап, тақия, өзге де бас киімдер мен түрлі бұйымдар шығаруға кіріскен. Дизайнердің айтуынша, оның басты ұстанымы – сапа мен этиканы сақтау, яғни тарихи форманы бұзбай, оны қазіргі заманға икемдеу.

Кино саласындағы алғашқы тәжірибелерінің бірі – «Балуан Шолақ» фильмі. Ал тарихи жоба ретінде «Қазақ хандығы: Алтын тақ» фильмінде жұмыс істеген. Сонымен қатар, Екінші дүниежүзілік соғыс туралы жобаларға, «Қажымұқан» фильміне костюм тіккен. Кейінгі ірі жобалардың қатарында режиссер Ақан Сатаевтың «Ұлы дала таңы» фильмі мен «Ахмет. Ұлт ұстазы» сериалы бар.

Бүгінде Анел Асанова тәжірибесін заманауи этно-дизайнмен ұштастырып, ұлттық киімді жаңа деңгейде насихаттап жүр. «Мақсатым – қазақтың төл мәдениетін сақтап, қазіргі күнге енгізу. Тарихты тек музейде сақтамай, күнделікті өмірге әкелу үшін әлі де еңбектенемін», – дейді ол.

Бұған дейінгі фильмдердегі қазақ қыз-келіншектерінің киімдеріне көңіліңіз толмады ма? Неліктен осы салаға бет бұрдыңыз деген сауалымызға:

«Академияда көбіне еуропалық стильге қарай бейімдеді. Оқу барысында да қазақ костюмі өте аз оқытылатын. Бірақ қазір бізде еуропалық костюм киетін орта аз, көбіне fashion индустриясында ғана. Ал мені fashion бағыты онша қызықтырмайды, маған тарихи дүниелер әлдеқайда жақын. Қызығушылығымды әрі қарай дамытуға кино саласы үлкен ықпал етті. Кино арқылы мен қазақ костюмін тереңірек зерттедім», – деді Анел.

Қазақ ұлттық костюмін қарастырғанда оның сан ғасырлық тарихи кезеңдерден тұратынын ескеру қажет. Өкінішке қарай, қазір ұлттық киімге үстірт қарайтындар да кездеседі.

Тарихи үдеріс костюмге де ықпал етеді

«Орта ғасырлық кезеңдегі кейбір киім үлгілерін жоғалтып алдық. Қазір сол үлгілерді ұсынып жатсақ, халық тосырқап қарайды. Бірақ ол – біздің тарихи костюміміз. Тарихи үдеріс кезінде мәдени алмасу қатар жүрді. Түркі халықтарында пішім мен стиль жағынан ұқсастықтар бар. XV–XVI ғасыр үлгілеріндегі пішімдерді негізге алып, өзіміздің дәстүрлі үлгімен жұмыс істейміз және сол орта ғасыр стиліндегі қазақ ұлттық костюмін қайта жандандырып жүрміз. Мұрағаттағы материалдарды, тарихи деректерді, иллюстрацияларды түгел зерттедік. Сол деректерге сүйеніп, костюмдер тігілді», – дейді кейіпкеріміз.

Кешпелі түркі халықтарының киім үлгісі Еуропаға ықпал етіп, етік, шалбар, шапан секілді элементтердің таралуына әсер етсе, жалпы тарихи үдерістер мен мәдени өзгерістер де костюмнің түрленуіне себеп болды.

Шетелдіктер де қызығады

Дизайнер күнделікті өмірде этно киімге сұраныс бар екенін айтады.

«Ұлттық нақыштағы киімді тек қазақтар ғана кимейді, басқа үлгі елдері де қызығады. Ал олар ең алдымен сапасына қарайды. Егер сапалы, сауатты жасалса, біздің ұлттық киімдеріміз де халықаралық деңгейде кең тарай алады. Көне түркі стиліндегі костюмдер, кісе белбеулер, арнайы әшекейлер жиі сұралады, қыздар тақияны ерекше ықыласпен таңдайды. Қазір көбі өзін ұлттық образда көргенді ұнатады, маған да осы еркіндік ұнайды».

Анел Асанова ұлттық киімді ішкі нарықта ғана емес, халықаралық деңгейде де таныстырып жүр. Оның шетелдегі алғашқы ірі тәжірибесінің бірі – Стокгольмде өткен мәдени іс-шара. Оның айтуынша, шетелдік азаматтар шығыс мәдениетіне ерекше қызығушылықпен қарайды.

«Тарихи стиль мен түрлі образдар оларға өте қызық. Сол сәтте қазақ мәдениетін таныстырып тұрғаныңа қуанып қаласың. Алғашқы туындыларымның дені шетел асты. Әсіресе, Қытайдан сұраныс жо-



ғары. Қытайлықтар өздері келіп, дайын бұйымдарды сатып алып кетеді. Сонымен қатар, Түркия, АҚШ, Дубай, Лондон қалаларында тұратын қазақтар да онлайн тапсырыс береді», – дейді Анел.

Сәукеле – қыздың өмірлік гарантиясы

Анелдің шеберханасына кірген сәтте-ақ сән-салтанатқа толы, қалыңдықтың ұзату тойына арналған сәукелеге көзіміз түсті. Әр деталі мұқият ойластырылған, қолөнер шеберінің зерделі ою-өрнектері, нәзік түстер үйлесімі бірден сезіледі.

ТҮЙІН

Анелдің шеберханасы – үлкен өнеркәсіп емес. Бар болғаны екі шеберден тұратын шағын ұжым. Басты ерекшелік те осында. Этно саласындағы танымал отандық брендтерде бәрі бір адамның қолынан шықпайды. Бірі идеясын айтса, екіншісі шеберханада тігіш шығарады. Ал Анел Асанованың шеберханасында бәрі өз қолынан өтеді. Ой, пішім, мата, тус, тігіс – бәрі.

«Этно-дизайн – коммерциялық жоба емес, шеберлік пен жауапкершілік. Егер масс-маркетке кетсе, сапа жоғалады. Менің бағытым бөлек, пайда табу емес, әр бұйымды мұра ретінде қалдыру», деп аңгімесін түйіндеген еді.

Шебердің әр жұмысы – өткен мен бүгінді жалғаған көпір іспетті. Тұтас тарихтың, ұлттық кодтың көрінісі. Тіпті, шағын шеберханадан шыққан бұл туындылар шетелеге дейін жетіп, қазақ этно-дизайнының құндылығын халықаралық деңгейде танытып отыр.

«Сәукелені атүсті жасап шығара алмаймын. Ол – зергерлік элементтері бар, өте күрделі еңбек. Түпнұсқаға барынша жақын, тарихи негізде жасағым келді», – дейді ол.

Бұрын қазақ қызының сәукелесі бір жыл бойы дайындалған. Жетіспей тұрған зергерлік әшекейлерді туыстары қосып, сый ретінде таққан. Сөйтіп, сәукеле сәндік бас киім ғана емес, қыздың жеке капиталына айналған. Қиын кезең туса, ондағы алтын-күміс әшекейлерді бөліп сатып, күн көруге мүмкіндік болған.

«Былайша айтқанда, сәукеле – сол заманның «әмияны». Қыздың өмірлік гарантиясы», – дейді дизайнер.

«Мифологиялық астарына үңілемін»

Анел Асанова ұлттық бұйымдарды тіккенде тек сыртқы пішінге емес, әр бөлшектің тарихи, мифологиялық астарына үңілетінін айтты. Оның сөзінше, кейде бір әшекейдің өзі тұтас дүниетанымды ашып береді. Мысалы, сәукеле туралы деректерді зерттегенде дизайнер ерекше таңқалған. Көпшілік оны тұрмысқа шыққан қыздың салтанатты бас киімі ретінде ғана қабылдайды. Алайда, ғылыми еңбектерде сәукеленің мифологиялық мәні әлдеқайда терең екені айтылады.

«Қазақ дүниетанымында әлем үш бөліктен тұрады: көк аспан, жер үсті және жер асты. Сол үш әлемді бейнелейтін жалғыз бас киім – сәукеле», – дейді Анел. Яғни оның биіктігі, құрылымы, әшекейлерінің орналасуы – барлығы символикалық сипатқа ие.

Анел үшін сәукеленің тағы бір қыры – оның магиялық мәні. Қазақы түсінікте күміс адам энергиясын тазартады деген сенім бар. Сондықтан сәукелеге алтыннан гөрі күміс әшекейлер көп тағылған. Әр элементі жәй ғана сан үшін емес, қорғаныш, тазарту, сақтау функциясын да атқарған.

Ою-өрнектің өз мәні бар

Ұлттық киімдегі түстер мен жас ерекшелігінің де өз орны бар. Анелдің айтуынша, бұрын тақияны тұрмысқа шықпаған қыздар киген, ал тұрмыс құрғаннан кейін бас киім үлгісі өзгерген. Сәукеле, кимешек, жаулық – әрқайсысының өзіндік кезеңі мен мәні бар. Қазір ол дәстүрлі жүйе толық сақталмайды. «Кейде үлкен кісілер «маған тақия киюге бола ма?» деп сұрайды. Меніңше, қазіргі заманда оны қатты шектеудің қажеті жоқ. Біз кеп-ка да, еуропалық бас киімдер де киеміз ғой», – дейді дизайнер.

«Біз киімнің бәріне бірдей ою жапсыра бермейміз, стиль жағынан ұстамды бағытты таңдаймыз. Негізінен күнделікті киюге арналғандықтан тым күрделі оюларды қолданбаған жөн. Өкініштісі, қазір ою-өрнекті ретсіз қолданатын дизайнерлер бар. Қошқар мүйіз, қарлығаш сияқты жеңіл әрі қолданысқа ыңғайлы оюларды белбеу, сөмке, этно-корсет секілді элементтерде пайдаланамыз. Ал басқа оюларды қолдану үшін міндетті түрде алдымен зерттеу керек. Мағынасы, қай өңірге тән екені, жас ерекшелігі, әлеуметтік статусы ескерілуі тиіс. Менің ойымша, күрделі, салтанатты оюлар көбіне хандардың, ірі тұлғалардың киімінде болған», – дейді сала маманы.

Дегенмен, ұлттық киімді жүйелі түрде жаңғырту үшін мемлекеттік деңгейде насихат пен қолдау қажет деп санайды. Жақында Моңғолия ұлттық құрамасының олимпиадалық киімі әлем назарын аударды. Бұл тақырыпқа Анел де пікір білдірген еді.

«Олар ұлттық пішінді қалдырып, Олимпиаданың нышандарын қосты. Тарихын ұмытпай, қазіргі заманда да көрсетті. Нәтижесінде керемет үйлесім болды. Біз Моңғолияға тарихи және гентикалық тұрғыда да жақыныб. Қазақ хандығының түп-тамыры, төрелер әулеті – бәрі сол кезеңмен байланысты. Киім үлгілерінде де ұқсастық бар. Бірақ бізде спорттық киімдер көбіне еуропалық стандартпен тігіледі», – деді.

ҚАЛАДАҒЫ ҚОҢЫР КЕШ



МУЗЫКА МЕН ПОЭЗИЯНЫҢ ШАҢЫРАҒЫ

Ақуыс ақын М.Мақатаевтың 95 жылдығына орай Н.Тілендиев атындағы мемориалдық музейінде «Талант табыстырған тағдырлар» атты әдеби сазды кеш өтті.



Рая ЕСКЕНДІР

Қазақтың руханият әлемінде құстай қалықтаған қос тұлғаны бір-бірінен бөлектеу еш мүмкін емес. Екі тұлғаны тағдыр таныстырды, өнер табыстырды. Осылайша екі таланттың tandemі талай жауһардың бастау бұлағына айналды. Бірі айтулы ақын болса, бірі қайталанбас композитор. Екі саңлақтың достығы қазақ руханиятына таусылмайтын кен, өшпейтін өнер сыйлап кетті.

Кешті музей жетекшісі Мөлдір Тұрсынбекқызы ашып, кештің сипатын суреттеп берді. «Кезінде Мұқағали Мақатаев дәл осы үйде 30 күн жатып, 30 шығармасын жазған екен. Мерейтой аясында мектеп оқушыларын да осынау шығармаларды тыңдап, біліп өссе деген ниетпен шақырып отырмыз», – деді музей жетекшісі.

Кеште «Отырар сазы» Нұрғиса Тілендиевтің шығармаларын, дәстүрлі әнші Сәуле Жанпейісова мен Еркін Құдайберген Мұқағали ақынның сөзіне жазылған әндерді шырқады.

Кеш қонақтары көркем сөздің шебері Гүлшара Есетқызы, ақын Әділғазы Қайырбек, журналист Болат Шарахымбай ақынның асқақ бейнесін еске алып, естеліктер айтты. «Самғау» бишілер тобы Мұқағали ақынның «Жас қайың» әні мен Н.Тілендиевтің «Әлкисса» күйіне қойылған биді орындады.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Ғылым ордасының Орталық ғылыми кітапханасы – қазақ ғылымының бірегей қазынасы. Онда ғасырлар қойнауынан жеткен қолжазбалар мен сирек кітаптар да сақтаулы тұр. Бүгінгінің ағымына ілескен қара шаңырақ халықаралық ғылыми кеңістікпен де тығыз ықпалдасып, бірлесе жұмыс жасап отыр. Біз Орталық ғылыми кітапхананың бүгінгі тынысы, қол жеткізген жетістіктері мен алдағы даму бағыттары жөнінде білмек ниетпен «Ғылым ордасы» РМК Бас директоры Ұлар МҰҚАЖАНОВТЫ сөзге тартқан едік.

6 миллионға жуық кітап қоры бар

– Ұлар Оразғалиұлы, бір кездері еліміздің ғылыми кеңістігінде ерекше мәртебеге ие мекеменің қазіргі қоғамдағы орны мен рөлі қандай болып жатыр? Сұраныс бар ма?

– Бұл кітапхананың іргесі сонау 1932 жылы қаланған. Содан күні бүгінге дейін Қазақстандағы ең ірі ғылыми кітапханалардың бірі әрі ұлттық ғылымның тарихи жады сақталған бірегей орталығына айналып келеді. Әрине, сұраныс та, қолданыс та бар. «Ғылым ордасы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының құрылымдық бөлімшесі ретінде отандық ғылымның қалыптасуы мен дамуына үздіксіз қызмет етіп келеді. Біздің басты миссиямыз – ғылыми мұраны сақтау, жүйелеу және оны бүгінгі ұрпақ зерттеушілеріне қолжетімді ету болғандықтан мамандарымыз сирек қолжазбалар мен кітап қорларын реставрациялап, ғылыми каталогтап, цифрландыру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп отыр. Сонымен қатар, халықаралық стандарттарға сай тәжірибелерді енгізу бағытында да белсенді жұмыс жүріп жатыр.

– Орталық ғылыми кітапхананың қоры сирек қорлармен қалай жұмыс істеп отырсыздар?

– Бүгінде кітапханамыздың қоры 5,8 миллионнан асты. Оның ішінде 4 миллионға жуық негізгі ғылыми әдебиет, 20 мыңнан аса қолжазба және 91 мың сирек кітап бар. Сонымен қатар, 100-ден астам тілде жарық көрген 850 мыңнан астам шетел әдебиеті мен 900 мыңға жуық шетелдік ғылыми басылым сақталған. Ал газет-журналдар қоры да 1924 жылдан бері үздіксіз жинақталып келеді. Қор құрамында көне түркі, араб, парсы, түрік, шағатай тілдеріндегі, сондай-ақ араб және латын қарпімен жазылған қазақ тіліндегі бірегей басылымдар бар. Олардың қатарында XVIII ғасырдағы Құран Кәрім, 1819 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Ахбар Шыңғысхан уә Ақсақ Темір», 1841 жылы Парижде басылған «Құлиат пен Науаи» секілді аса құнды мұралар сақтаулы. Мұның барлығы Орталық ғылыми кітапхананы Қазақстан ғылымының ғана емес, әлемдік ғылыми ойдың да маңызды орталықтарының біріне айналдырып отыр.

Бір айта кетерлігі, сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры еліміздегі жетекші орталық деп саналады. Соның айқын дәлелі – XVIII ғасырдағы «Хандар шежіресі» қолжазбасының ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» халықаралық тізіліміне енгізілгені. Біз жәдігерлерді сақтау, реставрациялау және ғылыми

ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

Орталық ғылыми кітапхананың заманауи бет-бейнесі қандай?



айналымға енгізу сияқты жұмыстарды халықаралық стандарттарға сай жүргізіп жатырмыз. Осы ретте былтыр 3710-нан астам толық мәтінді электрондық құжат әзірленгенін де айта кеткім келеді. Оқырмандарға 31 мыңнан астам басылым ұсынылып, қор қоржыны тағы да 700 жаңа басылыммен толықты. Әлі де кезегін күткен жұмыс көп. Мен тек ең қадау-қадау дегендерін айтып отырмын.

Ынтымақтасқан ұтады

– Халықаралық ынтымақтастық да ғылыми мекемелердің маңызды бағыты болары анық. бұл бағыттағы қандай нақты жұмыстар атқарылып жатыр?

– Сұрағыңыз өте орынды. Мәселен, өткен жылы Түркия, Иран, Франция, АҚШ, Молдова және Катар елдерінің ғылыми және мәдени мекемелерімен байланысымыз айтарлықтай нығайды. Түрік, парсы және ағылшын тілдері курстары ұйымдастырылып, халықаралық ғылыми кездесулер өткіздік. Сонымен қатар, АҚШ Елшілігі сыйға тартқан ғылыми әдебиеттер алдағы уақытта «American Book Corner» жобасының негізін қалайтын болады. Былтыр Алматыдағы Түркия Республикасы Бас консулдығы ұйымдастырған іс-шарада Юксел Өзген Орталық ғылыми кітапхана қорына ғылыми-танымдық маңызы зор 1000-нан астам кітапты сыйға тартты. Мұның бәрі кітапхананың халықаралық ғылыми кеңістікке ықпалдасуына жаңа серпін берді.

«МАРКЕТИНГ ЖӘНЕ ЛОГИСТИКА»: Бірегей мамандықтарды біріктірген мектеп

«Тұран» университетінің «Маркетинг және логистика» жоғары мектебінің қызметі маркетинг және логистика саласында жоғары білікті мамандар мен ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталған білім беру, зерттеу және инновациялық процестердің күшейтілген интеграциясына негізделген. Жоғары мектеп (ЖМ) әрбір білім алушының жеке басының дамуына және әлеуетін ашуға ықпал ететін жайлы білім беру ортасын жасайды.

«Маркетинг» және «Логистика» білім беру бағдарламалары (ББ) бойынша оқыту кезінде алынған іргелі білім, білік және практикалық дағдылар түлектерді жұмысқа орналастыру және академиялық салада және одан тыс жерлерде мансапты дамыту перспективаларын айтарлықтай жақсартады. Аталған ББ түлектері нарық талаптарына және жұмыс берушілердің сұраныстарына сәйкес келетін негізгі құзыреттерді алады, демек, жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоғары.

«Тұран» университетінің «Маркетинг және логистика» жоғары мектебінің жанында қазақстандық маркетинг қауымдастығы (ҚМК) – кәсіби маркетингтер мен оқытушылар қауымдастығы жұмыс істейді. Қазақстандық маркетинг маркетинг қауымдастығы білім беру үдерісі үшін де, бизнес үшін де түрлі маркетингтік іс-шараларды белсенді жүргізеді. Саятта және әлеуметтік желілерде маркетинг мәселелері бойынша қызықты және пайдалы мақалалар жариялайды. «Маркетинг» бағдарламасында сабақ беретін ЖМ профессор-оқытушылар құрамы (ПОК) ҚМК-мен белсенді ынтымақтасады: қауымдастық оқытушылар үшін оқыту семинарлары мен тренингтерін ұйымдасты-

рады және өткізеді; ҚМК өкілдері бакалавриатта сабақ жүргізеді; білім алушылар үшін шеберлік сыныптарын өткізеді; конференциялар мен дөңгелек үстелдерге қатысады. Бизнес пен білім берудің осындай тығыз интеграциясы тәжірибеге бағдарланған оқыту қағидаларын іске асыруға мүмкіндік береді.

«Маркетинг» және «Логистика» ББ 7 жыл мерзімге ІААР халықаралық аккредиттеуден және 8 жыл мерзімге ACQUIN-ден сәтті өтті. Бұл жәй ғана халықаралық мойындау емес, бұл «Тұран» университетінің «Маркетинг» ББ және «Логистика» ББ түлектерінің дипломы жұмысқа орналасу кезінде, сондай-ақ шетелдік магистратура мен докторантураға түсу кезінде шетелде танылып, баға белгіленетінін білдіреді; ІААР және Атамекен рейтингтеріндегі «Тұран» университетінің «Маркетинг» ББ және «Логистика» ББ тұрақты жоғары рейтингтері мамандықтардың беделі мен біздің білім беру бағдарламаларымыздың Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің халықаралық стандарттары мен талаптарына сәйкес келетіндігін айғақтайды.

«Маркетинг және логистика» жоғары мектебінің профессорлық-оқытушылық құрамы – ғылым кандидаттары мен докторлары, PhD докторлары, магистрлер ғылыми дәрежелері бар; бизнес-құрылымдарда ғылыми-педагогикалық қызмет пен практикалық жұмыстың бай тәжірибесі бар; Scopus дерекқорында индекстелетін журналдарда көптеген жарияланымдары бар; бакалавр кадрларын дайындаған, магистрлер; ғылыми-зерттеу тақырыптары мен жобаларының жетекшілері немесе

орындаушылары, сондай-ақ республикалық олимпиадалар мен халықаралық конкурстардың студенттері мен магистрант-жүлдегерлерінің ғылыми жетекшілері болып табылады.

ЖМ оқытушылары оқу процесінде цифрлық технологияларды белсенді қолданады (сайттарда онлайн-режимінде тестілеу kahoot.it және Quiziz; қолданбалы оңтайландыру міндеттерін шешу және Excel бағдарламасында іскерлік ойын өткізу; marketing Expert бағдарламасын, Google Analytics жүйелерін, Яндекс метриканы пайдалана отырып маркетингтік талдау; LMS Canvas бағдарламасын пайдалана отырып компьютерлік тестілеу; Интернет-онлайн сауалнамалар жүргізу үшін Google нысандары және Survey Monkey қызметтері; практикалық тапсырмаларды орындау үшін әртүрлі жасанды интеллект технологияларын қолдану, атап айтқанда жарнамалық хабарламаларды, әлеуметтік медиа мазмұнын және басқа да көптеген нейрондық желілерді құру үшін chat GPT пайдалану). Бұл білім алушылардың цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастыруға және цифрлық ортада жұмыс істеу қабілетіне ықпал етеді.

«Маркетинг және логистика» жоғары мектебінің ғылыми-зерттеу жұмысы жалпы білім беру процесінің ажырамас бөлігі, жастардың зияткерлік әлеуетін нығайтудың маңызды факторы, оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді үнемі жаңартып отырудың негізі болып табылады. ЖМ жетекші профессор-оқытушылар құрамы Қазақстанның жетекші ғалымдарының ғылыми мектептері шеңберінде маркетинг пен логистиканың өзекті мәселелері бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізеді.



ЖМ «Маркетинг» ББ және «Логистика» ББ білім алушылары үшін түрлі конкурстар мен олимпиадаларды белсенді өткізеді, онда олар үнемі жүлделі орындарға ие болады; студенттерді, магистранттар мен докторанттарды халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға, дөңгелек үстелдерге қатысуға, мектептің ғылыми жобаларын әзірлеуге тартады. Осының арқасында білім алушылардың ғылыми құзыреттіліктері мен ғылыми жобалармен жұмыс істеу қабілеті қалыптасады.

ЖМ шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен халықаралық ынтымақтастықты белсенді дамытуда, бұл академиялық ұтқырлық бағдарламаларын іске асыруға мүмкіндік береді, оның шеңберінде біздің көптеген студенттер, магистранттар мен докторанттар шетелдік университеттерге барып, сол жерде бір семестр ішінде оқиды.

«Маркетинг және логистика» жоғары мектебі үлкен имидждік жұмыс жүргізеді: бизнес жұлдыздарын, компания басшыларын, практик-мамандарды шақыра отырып, түрлі шеберлік сыныптары мен қонақ дәрістер өткізеді, бұл тәжірибеге бағдарланған оқытуды қамтамасыз етеді; кәсіби мереке-маркетолог күнін атап өтеді; газет-

тер мен журналдарда түрлі имидждік мақалалар жариялайды; әлеуметтік желілерде «Маркетинг» ББ және «Логистика» ББ бойынша жарнамалық бейнероликтер және т.б. жасайды және жариялайды. ЖМ Instagram парақшасын жүргізеді, онда мектеп өміріндегі барлық оқиғаларды белсенді түрде жариялайды, мақсатты аудитория үшін қызықты және пайдалы материалдарды орналастырады.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы «Тұран» университетінің «Маркетинг және логистика» жоғары мектебінің білім беру бағдарламаларын басқа жоғары оқу орындарының ұқсас бағдарламаларынан ажыратады және олардың бірегейлігі мен бәсекелестік артықшылықтарын білдіреді.

М.Т.ДАВЛЕТОВА, э.ғ.к., «Тұран» университетінің зерттеуші профессоры, Р.Е.ТАРАКБАЕВА, т.ғ.к., «Тұран» университетінің қауымдастырылған профессоры, Г.А.БОДАУБАЕВА, э.ғ.к., «Тұран» университетінің қауымдастырылған профессоры, П.Ж.ОРЫНБЕТ, PhD, «Тұран» университетінің қауымдастырылған профессоры.



ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

НӘРЕСТЕ КҮТІМІНІҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

Алматыда жаңа туған нәрестелерге реанимациялық жағдайда күтім көрсетуге арналған бөлім ашылды. Мамандандырылған бөлім қалалық Балаларға жедел медициналық көмек көрсету орталығы базасында құрылып отыр. Бұл туралы орталық директоры Әлібек Смағұлов мәлімдеді.

Ол Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Пашимовтың қатысуымен өткен жұмыс кеңесінде 2025 жылдың қыркүйегінен бастап орталық құрылымында 16 орынды неонатология бөлімшесі жұмыс істейтінін атап өтті. Бөлім құрамында реанимациялық іс-шаралар аяқталғаннан кейінгі кезеңде, соның ішінде ерте оңалтуды қамтитын, мамандандырылған ем жүргізуге арналған қарқынды терапия палатасы бар. Үш ай ішінде жаңа туған 103 бөбекке медициналық көмек көрсетілген. Ал былтыр жыл бойы орталықта 235 жаңа туған нәресте ем қабылдады. Олардың 52-сіне туа біткен даму ақауына байланысты көрсеткіштер бойынша ота жасалған.

Басқару тиімділігін арттыру мақсатында заманауи ақпараттық жүйелер енгізілді. Айталық, InfoLab зертханалық жүйесі,



DamuMED медициналық жүйесі, AltynPacs бейнелерді беру жүйесі, электрондық құжат айналымы және статистикалық модульдер.

Былтыр клиникада дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды дербестендірілген есепке алуды қамтама-

сыз ететін госпитальдық фармацевтика бөлімшесі де іске қосылды. Мекеме дәріханалық қызметтің тиісті халықаралық стандарттарына сәйкестігін растайтын GPP сертификатын алды. Сондай-ақ, ресми түрде Қазақстандағы «Жылдың үздік балалар стационары» деп танылды.

МАМАН МІНБЕРІ

Әлібек СМАҒҰЛОВ,
Алматы қалалық Балаларға жедел медициналық көмек көрсету орталығының директоры:

Кәсіби көмек
маңызды

Былтырдан бері орталықта 18 жасқа дейінгі пациенттерге арналған 12 төсектік оториноларингология және жақ-бет хирургиясының тәулік бойы жұмыс істейтін бөлімшесі қызмет көрсетуде. Алғашқы бес айда шұғыл және жоспарлы режиммен 83 науқас ем алды. Осындай жаңа бөлімшелердің ашылуы медициналық көмектің сабақтастығын нығайтып, мекеменің даму жоспарларының орындалуын қамтамасыз етті.

Жыл бойы орталықта 140 658 бала емделді. 2024-2025 жылдар аралығында жүгінулер саны 22,5 пайызға артты. Жоспарлы түрде қабылданған пациенттердің географиясы еліміздің барлық өңірін қамтиды: әр облыстан келген 1500-ден астам балаға мамандандырылған хирургиялық және консервативтік көмек көрсетілді. Олардың 976-сы офтальмология, комбустиология және урология бойынша ем алды. Ең жоғары жүктеме офтальмология саласына тиесілі, 791 пациентке медициналық қызмет көрсеттік.

БРИФИНГ

ШИПА ІЗДЕГЕН
ШЕТЕЛДІКТЕР

Алматыға жиі келе бастаған

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында онкологиялық көмектің бір жылдық қорытындысына арналған брифинг өтті. Онда Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты басқарма төрағасының орынбасары Айша Молдашева онкологиялық ауруларды ерте анықтау мен емдеу саласындағы жүйелі жұмыстың тұрақты нәтижелерін атап өтті.

Оның айтуынша, былтыр елімізде скринингтік бағдарламаларды кеңейтіп, ауруды ерте анықтау көрсеткіші артқандықтан жағдай біршама жақсарып қалған.

Елімізде қазіргі күні 246 мыңнан астам науқас бар, бұл өткен жылмен салыстырғанда 6,6 пайызға көп. Былтыр 43 мыңнан астам жаңа науқас анықталды, олардың жартысынан көбі алғаш рет диагноз қойылған еңбекке қабілетті жастағы азаматтар. Аурулар көрсеткіші бойынша сүт безі обыры, колоректалдық обыр мен өкпе обыры алдыңғы орындарда тұр. Өткен жылдарда да солай болған.

Брифинг барысында онкологиялық қызметтің кадрлық әлеуетін нығайту мәселесіне де ерекше назар аударылды. Қазіргі уақытта жүйеде онкологиялық бейіндегі 1,7 мыңнан астам маман еңбек етіп жатыр. Дәрігер тапшылығын кезең-кезеңімен азайту мақсатында резидентура арқылы кадрларды жүйелі даярлау мен өңірлік қажеттілікті ескере отырып біліктілікті арттыру бағдарламалары іске аса бастады.

«Біз резидентурадан бастап дәрігерлерді, орта медициналық персоналды, психологтар мен әлеуметтік қызметкерлерді мультидисциплинарлық оқытуға дейін кадрларды даярлау мен біліктілігін арттырудың үздіксіз жүйесін қалыптастырып жатырмыз. Бұл онкологиялық көмектің сапасын кезең-кезеңімен арттырып, оның өңірлерде қолжетімді болуын қамтамасыз етеді», – дейді Айша Молдашева.

Ал аталған институттың химиотерапия бөлімшесінің меңгерушісі Қалдыгүл Смағұлованың айтуынша, Алматыға адамдар ем іздеп Қырғызстаннан, Өзбекстаннан, Әзербайжан мен Ресейден де келе бастаған. Нақтырақ айтсақ, былтыр шамамен 500-ге жуық шетелдік азамат диагностикадан өтіп, ем қабылдаған.

Демек, бізде де жоғары технологиялық хирургиялық ем, дәл сәулелік терапия, сондай-ақ химиотерапия, соның ішінде иммундық-онкологиялық және нысаналы дәрілік терапия нәтижелі деген сөз.

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ

Қаламызда алғаш рет миды терең ынталандыру (Deep Brain Stimulation, DBS) операциясы жасалды. Мұндай жоғары технологиялық хирургиялық ота бұған дейін тек Астанада Ұлттық нейрохирургия орталығында жасалған болатын.

МИ ХИРУРГИЯСЫ:

Бұрын-соңды болмаған
операция өтті

Енді, міне, Алматының №2 Балалар қалалық клиникалық ауруханасында, қимыл-қозғалысында ауыр кемістігі бар 15 жастағы жасөспірімге сәтті жүргізілді. Ол сирек кездесетін бұл генетикалық аурумен бес жылдан бері ауырады. «1 типті дофа-сезімтал дистония» диагнозы осыдан бір жарым жыл бұрын анықталған екен.

Науқас бұрын дәрі-дәрмекпен емделген. Бұл ем-дом бастапқы кезеңде оң нәтиже бергенімен, уақыт өте келе ауру дами бастаған. Сондай-ақ, екі рет диспорт инъекциясы жүргізілген. Онда да жағдайы уақытша ғана жақсарған. Сөйтіп, консервативті терапияның тұрақты әсері болмағандықтан дәрігерлер осындай жаңа инновацияға тәсілге, яғни миды терең ынталандыру әдісін қолдану туралы шешім қабылдаған. Терең электродтарды стереотактикалық екіжақты импланттау отасы ҚР Президенті Іс

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

САЛ БОЛУ ҚАУПІ СЕЙІЛДІ

№7 қалалық клиникалық ауруханасының нейрохирург-дәрігерлері онкологиялық ауруы бар, омыртқаға метастаз берген науқасқа аса күрделі нейрохирургиялық операцияны сәтімен жасап шықты.

51 жастағы науқаста пайда болған ісік жұлынды қысып, сал болып қалу қаупін тудырған. Патология омыртқаның жоғарғы кеуде бөлігінде орналасқан – бұл анатомиялық жағынан күрделі және ағзадағы өте функционалдық маңызды аумақ. Бұл аумаққа кез келген ота жұлын мен оның өткізгіш жолдарына зақым келтіру қаупін арттырады.

Аса күрделі, бірегей операцияны жасаған №7 қалалық клиникалық аурухананың директордың ұйымдастыру әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, нейрохирург, медицина ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор Марат Әлиевтің айтуын-

басқармасы Медициналық орталығының ауруханасынан (Астана) шақырылған нейрохирург Т.Ермековтың жетекшілігімен жасалды.

Дәрігерлердің айтуынша, операцияның негізгі мақсаты – науқастың өмір сүру сапасын едәуір жақсарту, қимыл-қозғалысындағы жанына батар ауырлықты төмендету. Отадан кейінгі ұзақ мерзімді нәтижелер хирургиялық емдеудің осы әдісінің тиімділігін растады. Невропатолог, нейрофизиолог Гүлнұр Қасенованың айтуынша, баланың жүрісі жақсарып, аяғының жоғарғы бөлігіндегі еріксіз қозғалыстар айтарлықтай төмендеген. Осынау оң өзгерістер науқастың эмоционалды жағдайын жақсартып, мектепке баруға және белсенді әлеуметтік өмір сүруге деген ұмтылысын ұштай түскен. Айта кету керек, бұл инновациялық ота МӘМС аясында жүргізілді. Яғни балалар мемлекет сақтандырған азаматтар санатына жатады.



ша, хирургиялық емдеу кешенді және көп кезеңді сипатта болды және бір операция шеңберінде жасалды.

«Бірінші кезеңде жұлынды ісктен босату мақсатында омыртқаның ламинэктомиясы жасалды. Содан кейін операциялық микроскопты қолданып, жұлынның көлемді ісігін микрохирургиялық жолмен алдық.

Араласудың негізгі элементі интраоперациялық нейрофизиологиялық мониторингті пайдалану болды, ол нақты уақыт режимінде жұлынның функционалдық жағдайын бақылауға және неврологиялық асқыну қаупін азайтуға мүмкіндік берді. Омыртқаның зақымдануын және оның тірек функциясының бұзылуын ескере отырып, келесі кезеңде транспедикулярлы фиксация әдісімен омыртқа сегментін тұрақтандыру жүргізілді. Омыртқаның беріктігі мен көтергіш қабілетін қалпына келтіру үшін вертебропластика жасалды», – дейді профессор М.Әлиев.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.



Алматы әкімдігі қоғамдағы отбасылық құндылықтарды нығайту жөніндегі саясатты үнемі назарда ұстап келеді. Әсіресе, шаңырақтағы әке беделін нығайту, ана мен баланы қорғау жөніндегі іс-шаралар жиі ұйымдастырылып тұрады.

Жуырда редакцияға алматылық жас оқырманнан хат келді. Ахан ҚАЙРОЛЛАҰЛЫ әке мен бала арасындағы байланыс, сыйластық, тәрбие, бір сөзбен айтқанда, шаңырақтағы әкенің беделі, рөлі, орны туралы сыр шертіпті. Бізді жастардың да, оның ішінде ұл баланың отбасы құндылығына үн қатқаны қуантты.



Әкемнің ұстанымы – «ақырын жүріп, анық бас» еді. Ол сөздің емес, нақты істің адамы бола білді. Бір-біріңе көмектесу, уәдеге берік болу, қиын сәтте сынып кетпеу, сабыр сақтау, төзімді серік ету – осы құндылықтың бәрі оның өмір сүру салты еді. Мен оның отбасындағы түйінді мәселелерді даурықпай-ақ үнсіз шеше салатын қасиетін көріп өстім. Әкем өте сабырлы адам еді. Ешкімге дауыс көтермей-ақ бәрін ретке келтіріп қоятын. Көңілденген сәттерінде әзілі де бар еді.

Ол ешқашан мақтанбайтын. Істеген жақсылығын жалаулатып, жария етпейтін. Алғыс та дәметпейтін. Үлкен нәрсені төменнен бастайтын. Жетістікке кішкентай қадаммен жетуді үйреткен. Ол тәртіп пен ұқыптылықты сүйетін. Жеке тазалығына қатты мән беретін. Әкем үшін бұл тек сыртқы күтім емес, ішкі тәртіппен де үйлесім тапқанын қалайтын.

Мейірім мекені

Сол болмысы арқылы айналасында жүрген көп адамның жүрегінде ізгілікке толы із қалдырды деп білемін.

Мен де әке болатын жасқа жетіппін. Осындай ерек қасиеттері менің өміріме даңғыл жол салып бергендей. Дәл сол жолмен жүрсем адаспайтынымды біліп, кейін бауырларымды да сондай бір-бірімізге қамқор, сыйластықта болуды үйреттім.

Біз демалыс күндері отбасымызбен кешкі серуенге жиі шығатынбыз. Киноға баратынбыз. Ондағы тақырыпты бірге талқылайтынбыз.

Әкем жауапты қызметтерде болды. Жұмыстан қатты шаршап келсе де, бізбен сөйлесуге, бізді жеке-жеке тыңдауға уақыт табатын.

Қазақта әкені асқар тауға теңеп жатады емес пе, дәл сөз. Анам да, біз де арқамызды тауға сүйегендей, алаңсыз едік. Міне, отбасындағы әке рөлі осындай болатын. Сол қағидалармен енді мен де аяңдай жүріп келемін.

Әкем бізге ішінде мейірім, махаббат, қамқорлық, жылылық толып тұрған үлкен үй қалдырып кетті. Сол үйдің оты біз тұрғанда өшпек емес.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.

Алтын бесік

Санамда әкем туралы тек шуақты сәттер сайрап тұр. Соны тасқа басқым келді. Әкем Қайролла Қасымханов 1994 жылы анам Айнагүл Несіпқалиқызымен көңіл жарастырып, шаңырақ көтереді. 23 жасында Самал есімді тұңғышы өмірге келеді. 30-ға таяған шағында мен жарық дүние есігін ашыппын. Ол тұста әкем әлі үлкен жетістікке жете қоймаған шағы, бірақ шалғай ауылдан қалаға келіп, Алматыдай алып мегаполистің қақ төрінен өз еңбегімен пәтер сатып алуы – нағыз ерлік болатын. Сол шаңырақ менің алғашқы үйім, жылы мекенім, мейірім, махаббатқа тербеліп өскен алтын бесігім болды.

Әкем бір кіндіктен бес қыз, бір ұл әрі сүткенжесі еді. Сондықтан әкем Самалдан кейін, бес жылдан соң менің өмірге келуім әкем үшін, әулет үшін баға жетпес қуаныш, мереке болыпты. Тіпті, анамның құрсағында жатқанда-ақ ұл екенімді естіген марқұм Темірбек атам да тілеуімді тілеп, келінін шексіз қамқорлығына бөлеген екен. Менен кейін алты жылдан соң екінші ұл дүниеге келді. Ол да бақыт пен қуаныштың асып-төгілген сәті болған екен. Арада төрт жыл өткен соң Алтынай, ал үш жылдан кейін кенжеміз Салтанат өмірге келді. Бүгінгідей ынтымағы ұйыған үлкен отбасы

ӘКЕ МЕН БАЛА

болғанымыз үшін әлі күнге аяулы анама және жүрек жылуын бесеуімізге теңдей бөліп берген, мейірімнен кенде етпей өсірген марқұм әкеме және Темірбек атам мен Бәтима әжеме алғыс айтудан жалықпаймын.

Таңғы шай

Әкем туралы естелік өте көп. Ерте жатсын, мейлі кеш жатсын, сағат таңғы 6-7 шамасында тұрып алатын. «Таң қалай басталса, күн солай өтеді» дейтін бізге. Қоюлап тұрып қара шай демдеп алып, асықпай өзі ішіп алатын әуелі. Сонда отбасылық, қызметіндегі шаруаларды оңашада жүйелеп алады екен ғой. Сосын міндетті түрде кітап немесе газет оқитын.

Таңғы шайынан соң маңдайымыздан сүйіп, қайырлы таң тілеп бізді оятатын. Бәріміз отырып таңғы ас ішетінбіз. Сосын мектепке шығарып салатын. Кейін есейе келе, балалық шағымды ой елегінен өткізіп отырсам, сол кәділгі қалыпты отбасылық қарым-қатынаста қаншама шуақпен мейірім жатқанын ұқтым. Осындай

қарапайым сәттердің жылуы әлі күнге жүрегімді жылытып тұрады.

Әкемнің анасына, яғни Бәтима әжеме деген құрметі ерекше еді. Ананы құрметтеу үлгісін де мен әкемнен алдым. «Үлкеннің батасын, ризашылығын алу – сендердің бүкіл өміріңе жетерлік азық» деп отырушы еді. Әжеммен бірге бізді шипажайларға жіберетін. Республика сарайына айтысқа, түрлі концерттерге баратынбыз жетектесіп. Анам бізден бұрын әжемнің киімін, орамалын жөндеп беріп зыр жүгіріп жүретін. Бәріміз әжеміздің қабағына қаяу түсірмеуге ұмтылды. Жалпы, әжесі бар үйде береке-ынтымақ мол болады деп білемін.

Сабыр, төзім, сенім

Әкемнің мен бағалаған ерекше бір қасиеті – маған бала деп емес, тұлға, үлкен кісі ретінде қарап құрметтегені. Ешқашан өзінің пікірін тықпаламайтын, мені тыңдап алатын, таразылайтын, сосын бағыт-бағдар беретін. Мейірімді бол, сабырлы бол, әділ бол дегенді жиі айтатын-ды.

КӨБЕЙ, ҚАЗАҚ!

ЗАҢҒАР, АЙБАР ЖӘНЕ ӘСЕЛ

Алматыда үшем өмірге келді

Тағы бір отбасында үлкен қуаныш! Сүйінші, ағайын! Алматы қаласының Перинаталдық орталығында 39 жастағы қала тұрғыны үшем өмірге әкеліп, алты баланың анасы атанды. Бұған дейін отбасында үш бала болған.



Нұржамал
ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ

Жүктілік ешқандай қосалқы репродуктивті технологиясыз, табиғи жолмен болған. Әйел 32 апта және 2 күн ішінде шұғыл түрде кесарь тілігі арқылы босанды. Түнде акушер-гинеколог, анестезиолог пен неонатологтар тобы жедел жұмылдырылды. Үшемнің екеуі ұл, біреуі қыз: 1840 г (42 см), 1680 г (43 см) және 1620 г (40 см). Нәрестелерге Заңғар, Айбар және Әсел деген есім қойылды.

Перинаталдық орталық директорының ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары Салтанат Ерболатованың айтуынша, медициналық ұжымның үйлесімді әрі кәсіби жұмысының арқасында босану процесі



(Сурет: Алматы әкімдігі).

еш асқынусыз өтті. Бөбектер шала туғандықтан алғашқы минуттан бастап қарқынды бақылауға алынды, арнаулы ем көрсетіліп, дұрыс тыныс алуға жағдай жасалған. Үшемге жеке күтім бекеті бөлінген, балалардың жағдайы тұрақты, салмақ қосып келеді, алдағы уақытта ауруханадан шығаруға дайындалып жатыр.

Былтыр Алматы қаласының

Перинаталдық орталығында 22,5 мыңнан астам науқас қабылданып, 16,7 мыңнан аса ана мен жаңа туған нәрестеге стационарлық көмек көрсетілді. Жалпы, 9014 әйел босанған, оның ішінде екі рет үшем дүниеге келген. Тақырыпқа орай айта кетсек, қаладағы мерзімінен бұрын босану жағдайында медициналық көмектің басым бөлігі дәл осы іргелі орталықта көрсетіледі.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

БАЛАБАҚШАДАҒЫ ЭКО-ТӘРБИЕ

Бүлдіршіндерге арналған
челлендж басталды

Алматыда «Жасыл балабақша» атты жалпықалалық экологиялық челлендж басталды. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасындағы акция балаларды экологиялық мәдениетке баулумен қатар шығармашылық, цифрлық дағдыларын дамытуға бағытталған. Бастамаға қаланың 30 балабақшасының тәрбиеленушілері, ата-аналар мен тәрбиешілер қатысуда.

Алатау ауданындағы №84 бөбекжай-балабақшада балалар табиғатты қорғау тақырыбында өлең оқып, тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жаратып, түрлі ойыншықтар мен қолөнер бұйымдарын жасауды көрсетті. Бүлдіршіндер пластик бөтелкелер мен ескі қораптардан дидактикалық ойындар мен музыкалық аспаптар құрастырған. Экологиялық тәрбие – өскелең ұрпақты дамытудың маңызды бағыттарының бірі деп санайды Алматы қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Бибігүл Малгаждарова. Оның айтуынша, қалдықтарды сұрыптау және қайта пайдалану балаларға қоршаған ортаға жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Аталған іс-шара «Таза Қазақстан» акциясы мен экологиялық мәдениетті қалыптастыру тұжырымдамасы аясында ұйымдастырылған.

«Бүгін балабақшада балалармен сөйлесіп, олардың экологиялық сауатының жоғары екеніне көзім жетті. Сұрақтарға жауап беріп, табиғатты қорғау қажеттігін түсінеді. Қазір барлық балабақша мемлекеттік стандарт пен тұжырымдама негізінде жұмыс істейді. Елімізде «жасыл балабақша» бағытын жүйелі түрде дамытып жатқан ұйымдар да бар», – дейді Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту бағдарламасы бойынша докторанты Гүлмира Бейсенқызы.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБІЙҰЛЫ.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.



Стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептің қамту саласын айқындау туралы хабарландыру

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 56-бабының 2-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне (*бұдан әрі – ЭТРМ*) стратегиялық экологиялық бағалау жүргізу үшін келесі құжаттар (*бұдан әрі – СЭБ материалдары*) келіп түсті:

- «Алматы қаласының бас жоспарын түзету» жобасы аумағын сәулеттік-жоспарлауды ұйымдастыру» түсіндірме жазбасы;
- «Алматы қаласының бас жоспарын түзету» жобасының тірек жоспары;
- «Алматы қаласының бас жоспарын түзету» жобасының бас жоспары;
- «Алматы қаласының бас жоспарын түзету» жобасына стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептің қамту саласын айқындау.

СЭБ материалдарын әзірлеуші: «Алматы бас жоспары» ғылыми-зерттеу институты» ЖШС.

СЭБ құжаттарының тапсырыс берушісі: «Алматы қаласы Сәулет және қала құрылысы басқармасы» КММ.

СЭБ әзірлеуге жауапты: Алматы қаласының әкімдігі.

СЭБ материалдары бойынша қорытынды–

лар беруге жауапты уәкілетті орган: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Жұртшылықты (барлық азаматтар мен заңды тұлғаларды) келесі мәселелер бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын айтуға **шақырамыз:**

- жобаны жүзеге асыру қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етуі мүмкін бе, егер солай болса, бұл қандай әсерлер және Сіз оларды неге маңызды деп санайсыз?
- жоба бекітілгенге дейін қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына қандай әсерлерді зерделу қажет және неге?
- СЭБ қамту саласы бойынша есепте жобаны іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына тигізуі мүмкін айтарлықтай әсерлері туралы Сізді қызықтыратын барлық ақпарат қамтылған ба? Сізді қандай ақпарат қызықтырады және неге?
- жобаны іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықтимал әсеріне байланысты өзге де ескертулер мен ұсыныстарыңыз бар ма?

Стратегиялық құжаттың қолданылу мерзімі: 2025–2040 ж.ж.

Уәкілетті орган: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

«ТҰРАН» УНИВЕРСИТЕТІНДЕ МАРКЕТИНГТІ ТАҢДАУ – ТАБЫСҚА ЖЕТУДІҢ ЖОЛЫ

Маркетинг – креативті, шығармашылық мамандық. «Маркетинг» мамандығы еңбек нарығындағы ең сұранысқа ие 10 мамандықтың қатарына кіреді. Маркетинг – бизнестегі сәттіліктің кілті. Ол тауарлар мен қызметтерді нарықта тиімді жылжытуда және өнімді сәтті өткізуде, сатуда маңызды рөл атқарады. «Тұран» университетінің «Маркетинг» білім беру бағдарламасының (ББ) мақсаты – терең білімі, практикалық дағдылары мен біліктілігі, инновациялық маркетингтік тәсілдері, креативті ойлауы бар, кәсіпорынның маркетингтік қызметінің тиімділігін арттыруға, қазіргі нарықтық жағдайларда оның бәсекеге қабілеттілігін мен имиджін жақсартуға қабілетті маркетинг саласындағы бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау.

«Тұран» университетінің «Маркетинг» ББ бірегейлігі

- колледжден кейін ғана емес, мектептен кейін де қысқартылған оқу бағдарламалары (3 жыл);
- өзекті, эксклюзивті және инновациялық курстар (Кәсіби қызметтегі жасанды интеллект; Digital маркетинг; Эмоционалды маркетинг; Дизайн-ойлау; Әлеуметтік желілердегі маркетинг және т.б.);
- маркетингтің заманауи технологиялары мен инновациялық әдістерін үйрету;
- оқытудың интерактивті әдістерін қолдану;
- бизнес пен білім беруді интеграциялау (қазақстандық маркетинг қауымдастығы) және тәжірибеге бағдарланған оқыту;
- заманауи техникамен жабдықталған мамандандырылған кабинеттер мен оқу зертханалары;
- оқу процесінде цифрлық технологияларды, жасанды интеллект пен креативті ойлауды қолдану;
- «Маркетинг» ББ оқу жоспары шетелдік жоғары оқу орындарының бағдарламаларымен үйлестірілген, бұл бірлескен білім беру бағдарламалары және студенттердің академиялық ұтқырлығын іске асыруға мүмкіндік береді;
- түлектерді жұмысқа орналастырудың жоғары пайызы.

Мансаптық перспективалар

«Маркетинг» ББ бойынша бакалавриат түлектері кез келген кәсіпорында, кез келген компанияда, ұйымда, мекемеде келесі лауазымдық позицияларда кез келген қызмет саласында жұмыс істей алады:

- сату бойынша менеджер;
- бренд менеджері;
- SMM маркетингологы;
- PPC-маман;
- талдаушы;
- аккаунт-менеджері;

- жасанды интеллект технологиясы бойынша маман;
- толықтырылған және виртуалды шыңдық жөніндегі маман;
- product-менеджер;
- PR менеджері;
- Digital-маркетолог;
- event-менеджер;
- трейд-менеджер;
- инновациялық жобалар бойынша менеджер және т.б.

Серіктестер (университеттер мен компаниялар), академиялық ұтқырлық

Өндірістік практиканы студенттер келесі серіктес компанияларда өткізе алады: «GALANZ bottlers» АҚ, «Тикетон» ЖШС; «LG Electronics Almaty Kazakhstan» компаниясы; BISAM бизнес-ақпарат, әлеуметтанулық және маркетингтік зерттеулер орталығы; «Netpeak Group Kazakhstan» интернет-маркетингтік агенттігі; «POZITIV Media» ЖШС.

Академиялық ұтқырлық бойынша «Маркетинг» ББ студенттері шетелдік серіктес жоғары оқу орындарына барады және сол жерде бір семестр ішінде оқиды:

- Lawrence Technological University (АҚШ, Сауфилд қ., Мичиган штаты);
- Yschools (Франция, Троес қаласы);
- London маркетинг мектебі (Ұлыбритания, Лондон қ.);
- Rzeszow University of Technology (Польша, Жешув қ.);
- Kalish University (Польша, Калиш қ.);
- Obuda University (Венгрия, Будапешт қ.);
- Әзербайжан мемлекеттік экономикалық университеті (Әзербайжан, Баку қ.) және т.б.

«Тұран» университетіндегі студенттік қоғамдық өмір жарқын, қызықты: студенттер үшін түрлі ғылыми, мәдени, спорттық және қоғамдық іс-шаралар ұйымдастырылады. Бұл іс-шаралар туралы ақпарат университеттің сайтында және әлеуметтік желілерде, атап айтқанда, жоғары мектептің «Маркетинг және логистика» Instagram парақшасында көрсетіледі.

Сіздерді «Тұран» университетіне «Маркетинг» білім беру бағдарламасына түсуге шақырамыз! Сіз мамандық пен университетті таңдауда қателеспейсіз.

М.Т.ДАВЛЕТОВА, «Тұран» университетінің э.ғ.к., профессор-зерттеушісі,
Р.Е.ТАРАКБАЕВА, «Тұран» университетінің т.ғ.к., қауымдастырылған профессоры,
К.Ж.КАДЫРОВА, «Тұран» университетінің сениор-лекторы.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

- Алматы қаласы Білім басқармасының №122 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 3 ықшамауданы, 52-үй.
- Алматы қаласы Білім басқармасының №126 мамандандырылған лицей» КММ басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, «Ақсай-4» ықшамауданы, 66-үй.
- Алматы қаласы Білім басқармасының №66 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Казакова көшесі, 6-үй.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

- Алматы қаласы Білім басқармасының «Санаториялық №38 бөбекжай-балабақшасы» КММ меңгерушісі,
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Алатау ауданы, Куприна көшесі, 7-үй.
- Алматы қаласы Білім басқармасының №201 бөбекжай-балабақшасы» МҚКК меңгерушісі,
Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Орбита-3» шағынауданы, 27-үй.
- Алматы қаласы Білім басқармасының

«№195 бөбекжай-балабақшасы» МҚКК меңгерушісі,

Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Бегалин көшесі, 121-үй.

4. Алматы қаласы Білім басқармасының №145 сөйлеу тілінде күрделі бұзылыстар бар балаларға арналған арнайы бөбекжай» КММ меңгерушісі,

Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Сейфуллин көшесі, 188 А үй.

Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары: + 7 707 358 32 42. Электрондық адрес: service.ok.2@mail.ru. Толық ақпаратты www.aqshamnews.kz сайтынан оқыңыз.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Балалар фтизиопульмонология оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны директоры лауазымына конкурстық іріктеу өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қ., ҚДСБ-ның ШЖҚ-ы «Балалар фтизиопульмонология оңалту орталығы» КМК-ы байқау кеңесі директор лауазымына іріктеу бойынша конкурс жариялайды.

Конкурсты өткізу мерзімдері: Басталуы 06.02.2026 ж. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардан құжаттарды қабылдаудың соңғы мерзімі 20.02.2026 ж. (Алматы уақыты бойынша) сағат 13.00 дейін. Әңгімелесу кандидаттарды қабылдау туралы шешім қабылданған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде (әңгімелесу кестесіне сәйкес).

Конкурстың өтетін орны: Қазақстан Республикасы, 050026, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Луганское көшесі, 60 (2-қабат, кадрлар бөлімінің кабинеті).

Кәсіпорынның атауы: Алматы қ., ҚДСБ-ның ШЖҚ-ы «Балалар фтизиопульмонология оңалту орталығы» КМК-ы (бұдан әрі – Кәсіпорын).

Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050026, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Луганское көшесі, 60 (2-қабат, кадрлар бөлімінің кабинеті). Тел.: +7 702 723 66 55, эл.пошта: info@drfc.kz

Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: халықтың денсаулығын сақтау жөніндегі мемлекеттік аумақтық бағдарламаларды орындау.

Кәсіпорын директорының негізгі лауазымдық міндеттері: Кәсіпорынның өндірістік, қаржылық-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, қабылданатын басқару шешімдеріне, ұйым мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне жауапты болады.

Біліу керек:

ҚР Конституциясын, ҚР Азаматтық кодексін, ҚР Еңбек кодексін, ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексін, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексін, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын, ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, ҚР «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңын.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

«Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім және «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Денсаулық сақтау менеджменті» мамандығы бойынша біліктілікті арттырудан (қайта даярлаудан) өткені туралы куәлік (немесе сертификат) және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік беру туралы куәлік; немесе «Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім және (немесе) «Бизнес, басқару және құқық»; немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру «Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша және (немесе) «Бизнес және құқық»; немесе MBA executive немесе full time дәрежесі; денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификатының болуы; басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл;

Медициналық қызметті (дәрігерлік практиканы) жүзеге асыру үшін – кәсіби құзыреттерінің болуы: дәрігердің біліктілігіне (бейіні бойынша) бірінші (жоғары) біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестігі, клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификаты.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардан құжаттарды қабылдаудың басталу және аяқталу мерзімдері: «Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» КММ-нің интернет-ресурстарында және ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін он бес күнтізбелік күн ішінде.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімдерде мынадай құжаттарды ұсынады:

конкурс өткізу туралы хабарландыруда мынадай құжаттар:

- конкурсқа қатысу туралы өтінімі;
- еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- еңбек кітапшасының (егер бар болса) немесе еңбек шартының көшірмесі, қабылдау және еңбек шартын тоқтату туралы бұйрықтан үзінді көшірме не еңбек өтілін растайтын басқа құжат;
- «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/е нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
- ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің соттылығы жоқ екендігі туралы анықтамасы.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін конкурс жариялаған Кәсіпорынға электронды түрде info@drfc.kz мекенжайы бойынша құжаттарды тапсырады.

Құжаттардың түпнұсқалары әңгімелесу басталар алдында бір сағат бұрын кешіктірмей ұсынылады. Оларды ұсынбаған жағдайда, ол адам әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Конкурсқа қатысушы оның білімі, еңбек өтілі, кәсіби даярлығы туралы қосымша ақпарат бере алады (біліктілігін арттыру туралы құжаттардың көшірмелері, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, сондай-ақ алдыңғы жұмыс орнынан ұсыныстар және т.б.).



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел.: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**
тел.: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел.: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 293-52-43.

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА
тел.: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 293-08-12. E-mail: rekالاتauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: rekالاتauaqparat@gmail.com
тел.: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19-20
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail: alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сөйсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор – Досбол АТАЖАН

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында терініп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.


«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымында» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ТАРТЫСТЫ ТУРНИР ТӨРІ

Шаһарда УЕФА талаптарына сай жаңа стадион салынады

Алматыда биыл жаңа Астадион құрылысы басталады. Алматы қаласы Құрылыс басқармасының мәліметінше, қазіргі уақытта Медеу ауданы, Құлжа тас жолы бойындағы аумақта халықаралық талаптарға сай 45 000 орынды стадион құрылысы үшін қажетті жер телімі бөлінген.

Ведомство жаңа стадион УЕФА-ның IV санатының талаптарына толық сәйкес салына-тынын атап өтті.



Жоба аясында табиғи шөп жамылғысы бар футбол алаңы, сондай-ақ көрермендерге қолайлы болу үшін 1000-нан астам автокөлікке арналған автотұрақ орындары қарастырылған.

– Жобалау-сметалық құжаттама халықаралық стандарттардың талаптарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес әзірленеді. Құрылыс құны жоба-

лау-сметалық құжаттама Мемлекеттік сараптамадан өткеннен кейін айқындалатын болады, – деді Құрылыс басқармасының өкілдері.

Қала үшін маңызы бар нысанның құрылысын 2027 жылдың IV тоқсанына дейін аяқтау жоспарланған. Еске салайық, бастапқыда мегаполисте 35 мың орынды стадион салынатыны хабарланды. Алайда, қалалық мәслихаттың кезектен тыс XXXIX сессиясы кезінде Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды нысан сыйымдылығы 35 мыңнан 45 мыңға көбейтілетінін айтты.

ОЛИМПИАДА ОТЫ ЖАНДЫ

Алты алматылық спортшы өнер көрсетеді

Бүгін, Миланның әйгілі «Сан-Сиро» стадионында қысқы Олимпиада ойындарының ресми ашылуы өтеді.

Дегенмен, әлем көз тіккен доданың алғашқы жарыстары 4 ақпанда басталып кетті. Қазіргі уақытта керлинг, шана спорты, таң шаңғысы, хоккей, трамплиннен секіру сынды спорт түрлерінен алғашқы іріктеу жарыстары өтіп үлгерді. Олимпиаданың негізгі жарыстары 7 ақпанда басталып, 22 ақпанға дейін жалғасады. Қазақстандықтар төртжылдық басты додасын Qazaqstan, Qazsport, Хабар және Jibek Joly телеарналарынан көре алады.

Еске салайық, Қазақстан ұлттық құрамасы биыл ақ Олимпиадаға 9-рет қатысып, 36 спортшы (18 ер, 18 әйел) ел намысын қорғайды. Олардың қатарында 12 олимпиадалық лицензия алған 6 алматылық спортшы бар: Михаил Шайдоров, Евгений Кошкин, Александра Скорохо-

дова, Ростислав Хохлов, Илья Мизерных, Данил Васильев.

Қызық деректерге тоқталсақ, Италияға аттанған спортшыларымыздың ең жас мүшесі – 16 жастағы Асан Асылхан. Ол фристайл-акробатикадан өнер көрсетеді. Асылхан Олимпиада жолдамасын Әлем кубогы кезеңдеріндегі сәтті нәтижелерінің арқасында жеңіп алды. Ұлттық құрама сапындағы ең тәжірибелі спортшылар – могулшы Юлия Галышева мен шорт-трекші Абзал Әжғалиев. Олардың жасы 33-те. Юлия 2010 жыл Ванкуверде, 2014 жылы Сочиде, 2018 жылы Пхенчханда және 2022 жылы Бейжіңде өткен Олимпиадаға қатысты. Ол Пхенчханда жүлде иеленіп, Қазақстанға фристайл-могулдан алғаш әрі әзірге жалғыз Олимпиада медалін сыйлады. Абзал да төртінші мәрте Олимпиада ойындарына қатысады. Ол 2014 жылы Сочиде өткен Олимпиадада дебют жасап, 5-орын алды. 2018 жылы алтыншы, ал 2022 жылғы Бейжің Олимпиадасында төртінші орынға ие болып, жүлдеге бір қадам жетпей қалды.

Сондай-ақ, Милан төрінде бірнеше спортшы алғаш рет әлемдік додаға қатысады. Мысалы, мәнерлеп сырғанаушылар Софья Самоделкина мен Михаил Шайдоров бірінші рет өнер көрсетеді. Одан бөлек, шаңғымен тұғырдан секіруден 18 жастағы Илья Мизерных, тау шаңғысы спортынан 20 жастағы Александра Скороходова, 21 жастағы биатлоншы Милана Генева Олимпиадада дебют жасайды. Ұлттық құраманың орташа жасы – 24-25.

✓ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Олимпиада құрметіне
коллекциялық монета
шықты

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі «Спорт» сериясынан 2026 жылғы Олимпиада ойындарының құрметіне коллекциялық монеталар шығарғанын жариялады.

1000 теңге номиналы бар монета 925 сынамалы күмістен жасалған. Монетаның массасы – 20 грамм, диаметрі – 37 мм. Жалпы 2000 дана дайындалған. Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалып, немістің нумизматика компаниясымен серіктестік негізде әзірленді.



ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!



2026 жылғы 2 ақпаннан бастап «Almaty aqshamy» газетіне жеке және жеңілдетілген тариф бойынша баспа құны негізінде редакция арқылы жазыла аласыздар. Газеттің әрбір санын редакциядан өзіңіз келіп алып отырасыздар.

Мекенжайымыз: Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106А. Тарату және жарнама бөлімі.

Жазылу жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) редакцияның бухгалтериясында қолма-қол төлем жасау арқылы жүзеге асырылады. Жазылу кезінде жеке басын және әлеуметтік (жеңілдік) мәртебесін растайтын құжаттарды ұсыну қажет. Төлем жасалғаннан кейін бухгалтерия тарапынан жазылу мерзімі көрсетілген растайтын құжат беріледі.

Жеке жазылушылар үшін жазылу бағасы:

- **1** айға – **640** теңге.
- **3** айға – **1920** теңге.
- **6** айға – **3840** теңге.
- **12** айға – **7680** теңге.

Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүмкіндігі шектеулі жандарға және көпбалалы отбасыларға арналған жеңілдетілген жазылу құны:

- **1** айға – **500** теңге.
- **3** айға – **1500** теңге.
- **6** айға – **3000** теңге.
- **12** айға – **6000** теңге.

Барлық сұрақтар бойынша тарату және жарнама бөліміне хабарласуларыңызға болады:
8 (727) 293-08-12. 8 (727) 293-08-25. 8 708 592 02 25. 8 707 766 80 00.

Қоңыраулар жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін қабылданады.

МҰЗДАҒЫ МЫҚТЫЛАР

Қала хоккейшілері шешуші кезеңге сенімді өтті



«Алматы» хоккей клубы PRO HOKEI LIGASY плей-офф кезеңіне өтті. «Алматы» хоккей клубы PRO HOKEI LIGASY-дің екінші тұрақты чемпионатында плей-офф кезеңіне мерзімінен бұрын жолдама алды. Бұл туралы Алматы қаласы спорт басқармасының өкілдері айтты.

Тұрақты чемпионаттың екінші туры аясында алматылық ұжым «Ақтөбе» хоккей клубына қарсы өз алаңында екі ойын өткізді. Аталған кездесулерде «Алматы» командасы 2:0 және 4:1 есептерімен басым түсті. Екі ойын қорытындысы бойынша команда турнирдің шешуші кезеңіне өтуге мүмкіндік алды. Чемпионаттың ширек финалы 23 ақпанда басталса, плей-оффтың финалы 6 сәуірге белгіленген.

Айта кеткен жөн, Алматыда хоккей спорты қарқынды түрде дамып келеді. 2024 жылы ме-

гаполис алғаш рет Халықаралық шайбалы хоккей федерациясының (IIHF) қолдауымен Азия біріншілігін қабылдады. Турнир Halyk Arena көпфункционалды спорт кешенінде өтті. Жарысқа Қазақстан, Жапония, Оңтүстік Корея және Қытай командалары қатысты. Азия біріншілігінің финалында отандастарымыз жапониялықтарды жеңіп, чемпион атанған болатын.

**Бетті әзірлеген
Досбол АТАЖАН.**